

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

ОӘЖ 614.8

Қолжазба құқығында

ӘЛШЕРИЕВ ЕРДӘУЛЕТ ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

**ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ
ҚАУІПСІЗДІК ІС-ШАРАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ**

8D11210—«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Т.Ғ.К., қауымд. профессор Наукенова А.С.
пс-х.ғ.д., профессор Лекерова Г.Ж.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
х.ғ.д., профессор Ивахнюк Г.К.

Шымкент-2026

МАЗМҰНЫ

	бет
НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1- ТАРАУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖӘНЕ АЛЫС-ЖАҚЫН ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР	13
1.1 Қазақстан Республикасында орын алған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар	13
1.2 Қазақстан Республикасында орын алған ірі су тасқындары .	16
1.2.1 Өзбекстан Республикасы Сырдария облысы Сардоба бөгетінің бұзылуына байланысты Мақтаарал ауданындағы төтенше жағдай	16
1.2.2 Маусымдық су тасқындары	17
1.3 Алыс-жақын шетелдердегі су бөгеттерінің бұзылуы мен жойқын су басу салдары	20
1.4 Соңғы бес жылдағы әлемдегі ең үлкен жер сілкіністері	22
1.5 Алыс-жақын шетелдердегі техногендік сипаттағы апаттар орын алуы мен салдарына қысқаша шолу	24
1.6 Түркістан облысының аумағында орын алған су тасқыны жағдайлары	26
1.6.1 Түркістан облысының елді мекендері мен инфрақұрылымына су тасқынының әсерін талдау	29
1.7 Зерттеу мақсаты мен міндеттерін қою	32
2 - ТАРАУ ЗЕРТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ	34
2.1 Қалалық аумақтар үшін қатты жер сілкінісінің салдарын бағалау әдістемесі	34
2.2 Гидротехникалық құрылыстардың бұзылуынан апатты су басу кезіндегі инженерлік жағдай	41
2.3 Қауіпті өндірістік объектілердегі жарылыстар кезінде ғимараттар мен құрылыстардың қирау мен өрт аймақтарын есептеу.....	46
2.4 «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы студенттерінің төтенше жағдайларда кәсіби әрекетке психологиялық-педагогикалық бейімдеу және кәсіби психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру әдістемесі	50
3- ТАРАУ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ОРЫН АЛАТЫН БОЛЖАМДЫ АПАТТАРДА ЗАРДАП ШЕГУ АЙМАҒЫ МЕН ҚИРАУЛАР	56
3.1 Түркістан облысының болжамды жер сілкінісі салдары	56

3.2	Түркістан облысының ірі көлемді су қоймаларының болжамды бұзылу кезіндегі салдары	87
3.3	Түркістан облысында болуы мүмкін жер сілкінісі кезінде коммуналдық-энергетикалық желілерде апаттық жағдайлар .	101
3.4	Түркістан облысында болуы мүмкін жер сілкінісі кезінде радиациялық-химиялық нысандардағы апаттық жағдайлар ..	102
3.5	Түркістан облысында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтасыз етудегі атқарылатын іс-шаралар	105
3.5.1	Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінде ұйымдастыру тәртібі	105
3.5.2	Азаматтық қорғауды басқару органдары мен халықты хабардар ету	107
3.5.3	Жер сілкінісі аймағына авариялық-құтқару күштері мен құралдар топтарын дайындау және енгізу	110
3.5.4	Эвакуациялық іс-шаралар	111
4-	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖЕР СІЛКІНІСІ	
ТАРАУ	КЕЗІНДЕГІ ШЫҒЫНДАРЫН МАТЕМАТИКАЛЫҚ	
	МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ЕСЕПТЕУ	117
4.1	Жер сілкінісі кезіндегі шығындарды модельдеу ұғымдары .	117
4.2	Жер сілкінісі шығындарын математикалық модельдеу параметрлері	120
4.3	Түркістан облысы бойынша жер сілкінісі шығындарын компьютерлік есептеу.....	122
4.3.1	Компьютерлік есептеулерде қолданылған платформалар	124
4.3.2	Жер сілкінісі салдарларын есептеу қосымшасының сипаттамалары	124
5-	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІНІҢ САЛЫСТАРМАЛЫ	
ТАРАУ	ЕСЕБІ	134
5.1	Төтенше аймақтан басқа аймаққа эвакуациялау немесе маңайдағы уақытша орналастыру бекеттері	134
5.2	Төтенше жағдайларда халықты жақын маңдағы уақытша орналастыру бекеттер есебі	135
5.3	Төтенше жағдайларда халықты эвакуациялауға қажетті көлік санының есебі	137
	ҚОРЫТЫНДЫ	139
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	142
	ҚОСЫМША А	152
	ҚОСЫМША Б	155
	ҚОСЫМША В	157
	ҚОСЫМША Г	158

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 175 бұйрығы.

2. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, оларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың орын алғанын, төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу қажеттілігін негіздейтін материалдарды, материалдық-техникалық, қаржылық және адами ресурстардың тиісті негіздемелерін ұсыну қағидаларын және тізбесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 қарашадағы № 890 бұйрығы.

3. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ. (24.06.2025 № 196-VIII бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4. «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алудың кейбір мәселелері туралы» (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 210 Бұйрығы).

5. «Бейбіт уақытта эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бейбіт уақытта эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетімен 04.07.2017 ж. № 29-5-2/14668 келісілген).

6. «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 тамызда № 24045 болып тіркелді).

7. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығы).

8. Су объектілерін халықты ауызсумен қамтамасыз ету көздеріне жатқызу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2025 жылғы 30 шілдедегі № 73 бұйрығы).

9. Су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларын белгілеу Қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 120-НҚ бұйрығы).

АНЫҚТАМАЛАР

Апат – аймақтық немесе жаһандық ауқымдағы төтенше жағдайға әкелетін жойқын құбылыс.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай – дүлей зілзала (жер сілкінуі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызатын жағдайлар.

Жер сілкінісінің магнитудасы – сейсмикалық оқиға кезінде бөлінетін энергия мөлшерінің өлшемі.

Терабеккерель (ТБк) — радиоактивті заттың белсенділігін өлшейтін бірлік.

Рихтер шкаласы – бұл шкала логарифмдік, яғни бір нүктеге өсу бөлінетін энергияның 10 еселенген мөлшерін білдіреді.

Жаһандық қолдану – магнитуда жер сілкінісін олардың орналасуына және шығу тереңдігіне қарамастан салыстыруға мүмкіндік береді.

Конволюциялық нейрондық желілер – кескіндер, дыбыстар және бейнелер сияқты күрделі деректерді талдау және өңдеу үшін пайдаланылатын жасанды интеллект желілері.

Коммуналдық апат – халықты тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етуде іркіліс туғызатын авария. Әдетте, бұл суды және жыруды қамтамасыз ететін құбырдың жарылуының салдары.

Азаматтық қорғау – халықты, қоршаған ортаны, материалдық, мәдени құндылықтарды табиғи (жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл және т.б.) және техногендік (өнеркәсіп объектілеріндегі, көліктегі, коммуникациялардағы авариялар мен апаттар және т.б.) сипаттағы төтенше жағдайлардан, сондай-ақ әскери іс-қимылдар жүргізу кезінде немесе осы іс-қимылдар салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден қорғау жөніндегі іс-шаралар кешені.

Төтенше жағдайларды жою – төтенше жағдайлар туындаған кезде жүргізілетін және адамдардың өмірін сақтауға және денсаулығын сақтауға, залал мен материалдық шығындарды азайтуға, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймақтарын оқшаулауға бағытталған авариялық-құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстар.

Санитарлық шығындар – төтенше жағдай кезінде немесе төтенше жағдай нәтижесінде зардап шеккендер (тірі қалғандар) және науқастар.

Қайтарымсыз шығындар – төтенше жағдай кезінде қайтыс болған, медициналық эвакуацияның бірінші кезеңіне (медициналық мекемеге) кіргенге дейін қайтыс болған және хабарсыз кеткен адамдар.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ДМУ – Дүниежүзілік метрологиялық ұйым
ММ – мемлекеттік мекеме
РМК – Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ҰК – Ұлттық компания
АҚ – акционерлік қоғам
МКК – Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
МКҚК – Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын
ҚМК – Қызылқұм магистральдық каналы
АШМ – Ауыл шаруашылығы министрлігі
СЭС – су электр станциясы
ЖЭО (ТЭЦ) – жылуэлектрорталығы (теплоэлектроцентрль)
АГҚС – автогаз құю станциясы
ЖҚС – жанармай құю станциясы
КӘУЗ – Күшті әсер ететін улы заттар
ГАЗ – Географиялық ақпараттық жүйе
БҰҰ ТАЖККУБ (UNDRO) – Біріккен Ұлттар Ұйымының табиғи апаттар жағдайында көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі басқармасы
ҚОҚЖӨТҚ – қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
БББ – Білім беру бағдарламасы
ЖТҚ – жеке тұрғын үй құрылысы
ТО – Түркістан облысы
ТЖ – Төтенше жағдай
ТЖМ – Төтенше жағдай министрлігі
ТЖД – Төтенше жағдайлар департаменті
ТЖБ – Төтенше жағдайлар басқармасы
ТЖББ – Төтенше жағдайлар басқармалары мен бөлімдері
БО – Басқарма орталығы
ДО – Дағдарыс орталығы
ҰҚКД – ұлттық қауіпсіздік департаменті
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ПД – полиция департаменті
ПШК – патрульдік штабтық көлігі
ЖК – жедел кезекшісі
ОАПТБФ - Орталық авариялық-профилактикалық техника және бақылау фирмасы
ТКШ – тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы
АҚЖШЖ – Авариялық құтқару және шұғыл жұмыстар
ЖАО – жергілікті атқарушы орган
АҚХЖ – Азаматтық қорғаныс хабардарлық жүйесі
ӨҚБ – Өрт-құтқару бөлімдері
ЭО – Эвакуациялық орталық

КІРІСПЕ

Қарастырылатын ғылыми мәселенің қазіргі жай-күйін бағалау.

Қазіргі уақытта тек қана Қазақстан Республикасында ғана емес, сонымен қатар дүние жүзі бойынша адам өміріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау үлкен келелі мәселе болып табылады.

Табиғи және техногендік сипаттағы апаттар кенеттен орын алуынан жергілікті тұрғындарға қауіп тигізуімен қатар, үлкен материалды шығындарды алып келеді. Мысалы, Қазақстан Республикасында 2022 жылдың I тоқсанда 3 рет техногендік сипаттағы төтенше жағдай режимі хабарланды, олардың себептері – коммуналдық апаттар, су тасқыны және орман өрттері [1]. Наурыз айында күннің қатты жылуы Павлодар облысында су тасқынына алып келіп, Сағыз елді-мекені толығымен су астында қалды. Осы кезеңде Батыс Қазақстан облысының төрт ауданында төтенше жағдай режимі жарияланды (150 жеке тұрғын үй, бірнеше әлеуметтік объектілер және 200-ден аса бас мал өліміне алып келді). Қостанай облысында Қазанбасы елді-мекенінен 20 шақырым аймақта орман өрті орын алды. Орын алған орман өрті жақын елді-мекендерге тарап, барлығы 2091 адам эвакуацияланып, 12 адам өрт кезінде жеңіл және орташа ауырлықтағы жарақаттар, күйіктер алып, уланған. Өртті бір аптадан аса ауыздықтады, соның өзінде өрт көлемі 43 мың гектар орман алқабы, 200-ден аса үй өртке оранды. Сонымен қатар, 2022 жыл басында Павлодар облысының Екібастұз қаласында коммуналдық апат орын алды. Екібастұз қаласының тұрғындары қыстың 30 градус аязында жылусыз қалды. Жүзден аса үй жылусыз қалып, тексеру басында қала жүйесінің 92% жылу жүйесі жарамсыз болып табылды.

2023 жылдың I-II тоқсанда 4 техногендік және табиғи төтенше жағдай режимі тіркелді. Бұл жылдың ерекше орын алған төтенше жағдай Абай облысындағы орман өрті (Семей орманы резерваттағы өрт). Жалпы өрт аумағы 60 мың га. Өртті ауыздықтауға 300 бірлік техника, 1500 адам және 11 вертолет тартылды. Орман шаруашылығының 14 қызметкері қаза тапты. Жалпы Қазақстан Республикасының Егемендігін алғаннан бері жалпы 11 қаза тұту күні жаряланды.

Жер сілкінісі тектоникалық плиталардың соқтығысуы және энергияның бөлінуі нәтижесінде пайда болады. Сейсмикалық толқындар жер бетіне шыққанда, айтарлықтай материалдық залал мен құрбандарға әкелетін күшті жер қозғалысын тудырады.

Жер сілкіністерінің болжауға болмайтын сипаты жаһандық қауіпсіздікке үлкен қиындық туғызуда, бұл көбінесе адам өліміне, инфрақұрылымның бұзылуына және күрделі экономикалық зардаптарға әкелді. 1990 және 2019 жылдар аралығында жер сілкінісі дүние жүзінде 1,3 миллионнан астам адамның өліміне әкелді [2], ал табиғи апаттар 2020 жылы 76 миллиард АҚШ доллары көлемінде жаһандық сақтандыру шығындарына әкелді, оның ішінде жер сілкінісі 34% (тікелей және жанама) құрады [3].

Сонымен қатар, жер сілкіністері зардап шеккен аудандарда айтарлықтай тоқырауды тудыруы мүмкін. Өйткені, ғимараттар, инфрақұрылым және кәсіпорындар жөндеуді немесе қайта құруды қажет етеді, аймақты қайта құру барысында құрылыс қалдықтары мен қоқыстарының қоршаған ортаға кері әсері де бар.

Табиғи қауіп-қатерлерді болжауда кейбір жетістіктерге қол жеткізілгенімен, жер сілкіністерін азайту өте қиын болып қала береді, өйткені жер сілкінісінің нақты уақытын, орнын, тереңдігін және магнитудасын болжау мүмкін емес. Дегенмен, күшті жер сілкіністері орын алған жағдайда жеткілікті серпімді деформация жинақталған ақаулар мен аймақтарды анықтауға болады. Бұл деректер жер сілкінісінің өлшемдері мен орындарына қатысты ұзақ мерзімді қауіпті болжамдар жасауға және нәтижесінде жердегі қозғалыстарды бағалауға мүмкіндік береді. Жер сілкінісі мен сейсмикалық дүмпулерді болжау нақты бір өңірде қысқа мерзім ішінде белгілі магнитудадағы жер сілкінісінің орын алу ықтималдығын бағалауды қамтамасыз етеді. Бұл ықтималдық болжау тәсілдерінен басқа, нақты сілкініс туралы ескертулер жер сілкінісі орын алған соң ғана мүмкін болады. Ескерту уақыты - жер сілкінісінің әлеуметтік қоғамға кері әсерін азайтудың маңызды элементі болып табылады. Бұл қауіпті сезіну және зардап шегуі мүмкін аймақтарға жеткізу төтенше жағдайларды басқарудың негізгі міндеті болып табылады және жер сілкінісін ерте хабарлау жүйелерін дамытуға түрткі болады.

Жоғарыда аталған өзекті мәселелердің маңызды бөлігін шешу мақсатында, Түркістан облысындағы орын алу қауіпі бар табиғи және техногендік төтенше жағдайларды саралау жолымен, табиғи апат орын алатын аумақтардағы болжамды адами, материалдық және әлеуметтік шығындардың алдын алу қажеттілігі жұмысты орындауға **негіз бола алады**.

Жер сілкінісі салдарларын болжам жасайтын математикалық есептеулер мен компьютерлік бағдарламалау бойынша зерттеулер, сонымен қатар өңірдегі мүмкін болатын 6, 7, 8 баллдық жер сілкінісі кезінде ықтимал су қоймаларының бұзылу салдарынан жақын маңдағы елді мекендерді су басу қауіпті аймақтарын есептеу нәтижелері ғылыми жұмысты орындауда **бастапқы мәлімет** болып табылады.

Соңғы жылдары компьютерлік технологияның дамуы машиналық оқыту әдістерінің кеңінен қолданылуына әкелді. Мысалы, 30 сейсмикалық толқын үшін жер сілкінісінің магнитудасын (-0,3-5,7 диапазонында) бағалау үшін конволюционды нейрондық желілерді және ұзақ қысқа мерзімді жадыны қолданылуы мүмкін. Жоғары дәлдіктегі магнитуданы бағалауға қол жеткізу үшін мультимодельды деректермен терең оқыту архитектурасын қолданылуда. Машиналық оқытуға негізделген есептеу әдістері есептеу ресурстарын пайдалану кезінде шамаларды бағалаудың тамаша дәлдігін көрсетеді. Дегенмен, өзіндік құны мен өнімділік әрқашан қарама-қайшылықтар жұбы болып көрінеді. Дәстүрлі күш тепе-теңдігі сейсмометрлерімен салыстырғанда, аспаптардың жоғары шуы мен төмен

сезімталдығын көрсетеді, бұл көптеген орын алған немесе орын алуы мүмкін төтенше жағдайлардың салдарын болжауға мүмкіндік бермейді. Орын алған кемшілікті себептерге орай, ғылыми жұмыстарды жүргізу үшін Түркістан облысы аймағында орын алуы мүмкін болжамды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешенін дайындау қажеттілігі **негіздеме бола алады.**

Жоспарланған жаңалықтың ғылыми-техникалық дәрежесі туралы мәлімет. Жер сілкінісінің күшін энергетикалық параметрлер арқылы бағалауға, жер сілкінісі қуатының шамасын есептеуге, жинақталған абсолютті жылдамдық параметрін негіздеу жүйесіне, жылдам конвергенция және жоғары дәлдікпен сипатталатын сейсмикалық қарқындылық алгоритміне негізделген нақты уақытта жаңартылған қарқындылық шамасын ұсынады. Анықталған шамаларды бағалау әдісін толқынды таңдау әдісімен біріктіруге, бір мезетте толқын фазаларын анықтай алатын және жүйедегі шаманы бағалай алатын әдістерді ұсынады. Қуат ақпаратын пайдалана отырып, жылдам магнитудалық бағалауға, сонымен қатар қалалық аймақтардағы жер бетінің сипаттамаларының күрделілігіне және адам қызметінің гидрологиялық процестерге әсеріне байланысты су тасқыны қаупін бағалайды. Нақты уақыттағы су тасқынын болжаудағы жоғары кеңістіктік-уақыттық күрделілікке және шектеулі деректерге, су тасқыны үлгілері бойынша нақты уақыттағы бақылау стратегияларын және біріктірілген жер асты қабатын модельдеуге, су тасқынын тиімді модельдеу мен болжаудың гидрометеорологиялық деректеріне негізделген зерттеу нәтижелері келесі ғылыми жаңалықтарда жинақталған.

Әдеби ізденістер туралы мәліметтер. Терең әдеби ізденіс жұмыстарымен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-ала болжамдық салдарларын модельдеудің қазіргі жай-күйіне тыңғылықты талдау жасалды. Ғылыми жарияланымдар мен әдебиет көздерін зерделеу өнеркәсіп салаларындағы төтенше жағдайларда зардап шеккен халыққа, сондай-ақ экономикалық және операциялық тұрақтылыққа айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Сәйкесінше, салалар үшін төтенше жағдайларға қарсы әрекет ету жоспарларын белсенді түрде әзірлеу бойынша зерттеу жұмыстарына бағытталған. Зерделенген жарияланымдардың көпшілігі жаңа жүйелер мен құралдарды біріктірудің орнына, төтенше жағдайларды басқару үшін бар жүйелерді бейімдеуге бағытталған. Терең жүргізілген әдеби ізденіс жұмыстары анықталған әдістердің негізгі кемшіліктері мен артықшылықтары бойынша маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Мәселенің өзектілігі. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша енгізілген мемлекеттік жоспарлардың жаңа жүйесінің негізгі құжаттарының бірі болып табылып, табиғи және техногендік апаттардың алдын-алу және олардың зардаптарын барынша азайту жөніндегі жұмысты

жүйелі түрде күшейту талап етіледі [4]. Стратегиялық басты мақсаты – табиғи және техногендік жағдайдағы төтенше жағдайлардан халықты, қоғамды және мемлекетті қорғау болып табылады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда апаттар масштабы ұлғайып, адам өлімі мен материалдық шығын артқанын көрсетеді. Табиғи және техногендік сипаттағы апаттар тек қана адам өмірі мен денсаулығына әсер етпей, экономикалық шығындарды тудырады. Елдің экономикалық жағдайының бұзылуы, төтенше жағдайды жоюмен қатар, жергілікті жердің экономикалық саласын төмендетуге алып келеді. Атап айтқанда, аумақтың экологиялық жағдайының төмендеуі және табиғи ресурстарының сарқылуы еліміздің экономикалық жағдайына тікелей әсер етеді.

Қазақстан Республикасында экологиялық жағдайды төмендететін табиғи және техногендік іс-шаралардың алдын-алу мен орын алған апатты жоюдың заңнамалық негіздерін қосымша толықтыруды қажет етеді. Сол себепті халықты, аймақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау (болжау, алдын-алу және орын алған апатты жою мен есептеу) бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде Түркістан облысындағы ықтимал табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қаупі бар 17 қала/аудандар, жалпы қолданыстағы 40 су қоймаларының су көлемі бойынша ең қауіпті 6 су қоймалары, 3 химиялық және 11 радиациялық қауіпті нысандар.

Зерттеу пәні табиғи апат орын алатын аумақтардағы болжамды адами, материалдық және әлеуметтік шығындар салдары мен есептеуге негізделген математикалық модель мен web- қосымшасы.

Зерттеу әдістері. Облыс аймағының сейсмикалық микророналау әдісімен белсенді сейсмикалық картасын құрастыра отырып, жалпы аумақтағы ғимараттардың құрылыс түріне байланысты инженерлік-сейсмикалық осалдылығымен бағалау әдісімен шығындарды анықтау және су қоймаларының бұзылу барысында су жолының толқын биіктігі мен ауданын анықтауға гидродинамикалық есептеу әдістері қолданылды.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Түркістан облысының елді мекендерінде орын алуы мүмкін болжамды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдары әсерін бағалау.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылды:

– Түркістан облысының елді-мекендердегі жер сілкінісі салдарынан шығындарды анықтау;

– облыс аумағында жер сілкінісі орын алған жағдайда жалпы 40 су қоймасының 6 су қоймаларының бұзылу салдарынан су басу аймақтарын анықтау;

– облыс аумағында жер сілкінісі орын алған жағдайда инженерлік құрылымдардың қирау көлемін есептеу;

– өндіріс орындарында болуы мүмкін техногендік сипаттағы апаттарды есептеу;

– болжамды сейсмикалық 6-7-8 балл жер сілкініс орын алған жағдайда тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атқарылатын іс-шаралар әзірлеу.

– жүргізілген есептеулер бойынша мүмкін болатын болжамды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарының материалдық, әлеуметтік және басқа да шығындарды талдайтын бағдарламалық қосымшасын әзірлеу.

Зерттеу міндеттерін шешу шеңберінде алынған нәтижелердің **ҒЫЛЫМИ жаңалығы:**

1) Түркістан облысында болжамды 6-8 баллдық жер сілкінісі орын алған жағдайда қирауы ықтимал жеке тұрғын үй құрылыс нысандары, әкімшілік нысандар, өндірістік нысандар, коммуналдық-энергетикалық желілер, жолдар мен жол бойындағы инженерлік құрылыстар, стратегиялық нысандар және ықтимал адам шығындары талданды;

2) қауіпті деген 6 су қоймаларындағы бөгеттердің бұзылу сценарийі негізінде су басу алаңы, елді мекендер және сол елді мекендердегі тұрғындар саны есептелінді;

3) ықтимал болуы мүмкін 6-8 балл жер сілкінісі кезінде тіршілікті қамтамасыз ету инженерлік жүйелерінің әртүрлі зақымдалу дәрежелері анықталды;

4) Түркістан облысындағы болжамды табиғи және техногендік төтенше жағдай орын алу шарттарындағы қауіпсіздік іс-шаралары әзірленді.

5) Анықталған болжамды зақымдалу көрсеткіштері негізінде шығындарды анықтау бойынша математикалық модельдеу есептемелері жүргізілді және компьютерлік бағдарламалау негізіндегі онлайн тәртіпте жұмыс жасайтын web- қосымшасы жасалды.

Жұмыстың практикалық құндылығы. Түркістан облысын табиғи сипаттағы жер сілкінісі салдарын алдын-ала есептелінген мәліметтер бойынша (елді-мекендердегі халық саны, инженерлік құрылымдар, өндіріс орындары, адам саны) болжамды инженерлік қираулар мен шығындарды талдауды модельдеудің web- қосымшасы әзірленді.

Диссертациялық зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қол жеткізілген нәтижелерге мыналар жатады: облыс аумағының сейсмикалық аудандастыру картасы; әрбір аудан бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан қирау аймақтарында туындауы мүмкін адами және санитарлық шығындар жөніндегі деректер; зақымдалуы ықтимал тұрғын үй және өндірістік нысандар туралы мәліметтер; химиялық қауіпті нысандардағы ықтимал химиялық және радиациялық ластану көрсеткіштері. Аталған нәтижелер облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың салдарын жою және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру барысында практикалық қолдануға арналған.

Ғылыми нәтижелердің іс жүзінде дәйектелуі. Түркістан облысы аумағында орын алуы мүмкін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайлар салдарын болжау бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері Түркістан облысы төтенше жағдайлар департаментінде және Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттің коммуналдық кәсіпорнымен бірге өндірістік сынақтардан өтіп, өндіріске енгізу АКТ негізінде жасалынды (қосымша А және Б).

Сонымен қатар, қол жеткізілген ғылыми-зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарының білім алушыларына, магистранттарына және ізденушілеріне «Ғимараттар мен құрылыстардың жер сілкінісіне төзімділігіне беріктігін тексерудің заманауи аспектілері» және «Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі» пәндері бойынша оқу үрдісіне енгізілді (қосымша В және Г).

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларынан жинақталған ғылыми нәтижелердің, қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігі мен шынайылығы өндірістік шарттарда алынған авторлық зерттеу нәтижелерімен расталған.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми қағидалар:

– Түркістан облысының болжамды 6-8 балл жер сілкінісі орын алған жағдайда орын алатын салдарының сценарийі;

– төтенше жағдайлар орын алған жағдайда облысымыздың қауіпті аймақтарынан эвакуациялау шешімдері мен құтқару-күштерінің ұйымдастырылуы;

– жүргізілген ғимараттар, инженерлік желілер және адам сандары мәліметтері бойынша болжамды шығындарды талдайтын веб-қосымша.

Ғылыми-зерттеу жұмыс жоспарымен байланысы. Диссертациялық жұмыс М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Б-16-04 «Экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері. Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі. Жаңғырмалы энергия көздері» мемлекеттік бюджеттік ғылыми-зерттеу жұмысы аясында жасалынды.

Ғылыми жарияланымдар. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 7 баспа ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Web of Science/Scopus (квартили-Q2,Q3) деректер базасына енетін журналдарға 2 мақала және халықаралық, республикалық конференция материалдарында, мерзімдік ғылыми басылымдарда 5 мақала жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 5 тараудан, жалпы қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және 4 қосымшадан тұрады. 158 беттен тұратын диссертациялық жазбаға 64 сурет және 34 кесте енген. Қолданылған әдебиеттер тізімі 123 дерек көзінен тұрады.

1–ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖӘНЕ АЛЫС-ЖАҚЫН ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Табиғи және техногендік төтенше жағдайларды оқшаулау мен жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар мемлекеттік органдардың кешенді күштері мен құралдары пайдаланыла отырып, мемлекеттік органдардың бұрын бекіткен жоспарларына сәйкес орындалады [5, 6].

Табиғи және техногендік төтенше жағдайды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар кезінде жедел штаб басшысының шешімі бойынша мынадай уақытша шектеулер қойылуы мүмкін:

– Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» Заңының 41-1-бабы 1-2-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдарды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғаларға байланыс қызметін уақытша тоқтату және байланыс желілерін пайдалануға шектеу қою [7];

– қауіпті өндірістік объектілердің қызметін уақытша тоқтата тұру;

– қоғамдық тәртіптің сақталуын, мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді және халықтың тыныс-тіршілігі мен көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді, сондай-ақ ерекше материалдық, тарихи, ғылыми, көркем немесе мәдени құндылығы бар нысандарды күзетуді күшейту;

– табиғи және техногендік жағдайлар аймағында тұратын жеке тұлғаларды уақытша көшіру;

– қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, күшті әсер ететін химиялық және улы заттардың саудасына шектеу қою немесе тыйым салу.

– дәрілік заттардың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсас заттар мен прекурсорлардың, этил спиртінің және алкоголь өнімінің айналымына ерекше режим белгілеу қолданылуы мүмкін.

1.1 Қазақстан Республикасында орын алған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар

Абай облысында орын алған орман өрті [8]

Оқиғаның орын алуы 8 маусым – 13 шілде 2023ж.

8 маусым – Батпаев орманшылығының 66-шы кварталында, «Семей орманы» мемлекеттік табиғи резерватында, сағат 12:03-де найзағай түсу салдарынан өрт шықты. Алғашында жарты гектар ғана өртенгенімен, өрт тез таралып, жалпы 60 000 гектар орманды шарпыды.

Бірінші күндері 30-40 мың гектар өртенсе, 14 маусымда жағдай оқшауланып, ал 13 шілдеде толық сөндірілді.

Апаттың салдары:

14 орман шаруашылығы қызметкері қаза тапты (кейбір деректерде 15 адам көрсетілген), олардың ішінде тракторист те бар. Осы оқиғаға

байланысты Қазақстанда 12 маусым - жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды.

Жұмылдырылған күштер мен құралдар:

Әуеден 2 000 тоннадан астам су шашылып, 777 рет су төгілді.

Қатысқан тұлғалар саны – 1 500-1 800 адам, техника - 300-350 бірлік; сондай-ақ 14 тікұшақ жұмылдырылды.

Абай облысында орын алған өрт - Қазақстандағы төтенше жағдайларға қарсы жүйедегі әлсіз тұстарды нақты көрсетті. Табиғи апаттардың алдын алу мен жауап беру ықпалы төмен жүйелер мен құралдардың жеткіліксіздігін анықтап, реформаның қажет екенін дәлелдеді. Қабылданған шаралар мен тексерулер елде төтенше жағдайларға дайындықты күшейтіп, өрттің алдын алу мен оны сөндіру жүйесін жақсарту қажеттілігін ашық көрсетті.

Қазақстан Республикасы аумағында орын алуы ықтимал техногендік апаттар

Қазақстан Республикасы – табиғи ресурстарға бай, индустриясы дамыған мемлекет. Ел аумағында көптеген тау-кен, мұнай-газ, энергетика және металлургия саласындағы өндірістік кәсіпорындар шоғырланған. Бұл инфрақұрылымдардың дамуы экономикалық өсімді қамтамасыз еткенімен, оның көлеңкелі жағы да бар - ол техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жиілеп кетуі.

Техногендік апаттар – бұл адам әрекетімен немесе техникалық ақаулармен байланысты, өндірістік немесе көлік нысандарында орын алатын, қоғамға, экономикаға және экологияға елеулі залал келтіретін төтенше жағдайлар. Қазақстанда болған ірі техногендік апаттар, олардың себептері, салдары және алдын алу жолдары нақты статистикалық деректермен қарастырылады.

Ірі техногендік сипаттағы апаттарға шолу [1]

2019 жылдың 24 маусымында Түркістан облысы, Арыс қаласындағы әскери бөлім қоймасында жарылыс орын алды. Бұл оқиға салдарынан 3 адам қаза тауып, 400-ден астам адам жарақат алды. Қауіпсіздік мақсатында 40 000-нан астам тұрғын эвакуацияланды. Келтірілген материалдық шығын шамамен 20 миллиард теңгені құрады. Апаттың ауқымы елдегі қорғаныс инфрақұрылымының қауіпсіздігіне қатысты сұрақтар туындатты.

2021 жылдың 26 тамызында Жамбыл облысы, Байзақ ауданындағы әскери қоймада өрт шығып, артынша жарылыс болды. Бұл оқиға кезінде 17 адам, оның ішінде құтқарушылар мен әскери қызметкерлер, қаза тапты. Ондаған адам түрлі жарақаттар алды. Бұл жарылыс - соңғы жылдардағы ең ауыр қайғылы оқиғалардың бірі ретінде тіркелді.

2023 жылы 28 қазанда «Арселор Миттал Теміртау» компаниясына қарасты «Костенко» шахтасында орын алған газ жарылысы салдарынан 46 кенші қаза тапты. Бұл - Қазақстан тарихындағы ең ірі өнеркәсіптік апаттардың бірі ретінде тіркелді.

Сол жылы «Қазақстан» шахтасында да апат болып, 5 адам мерт болды. Аталған апаттар шахта қауіпсіздігі мен еңбек жағдайларына қатысты қоғамдық резонанс туғызды.

Сауда және өндірістік нысандардағы ірі өрттер – «Адем» сауда үйі (Алматы, 2015 жыл) - 9 миллиард теңге көлемінде шығын келтіріліп, адам шығыны тіркелмеді. «Svord Industries» қоймасы (Алматы, 2018 жыл) - 17 380 м² аумақ толығымен жанып, 3,1 миллиард теңге шығын келді. Бұл өрт өндірістік қауіпсіздіктің жеткіліксіздігін көрсетті.

1996 жылы Аягөз-Ақтоғай бағытында келе жатқан жүк пойызы рельстен шығып, 30 вагон қирады. Апат салдарынан 1 адам қаза тапты, ал келтірілген материалдық шығын - 215,9 миллион теңгені құрады. Бұл оқиға теміржол көлігіндегі қауіпсіздік жүйелерінің осалдығын айқындады.

Шымкент қаласындағы «Бекжан» базарында орын алған өрт [1]

2012 жылғы Шымкент қаласындағы «Бекжан» базарындағы өрт туралы қысқаша шолу (сандық көрсеткіштермен):

2012 жылдың 3 тамызы күні таңғы сағат 04:04 шамасында Шымкент қаласындағы ең ірі сауда орындарының бірі - «Бекжан» базарында ірі өрт оқиғасы тіркелді. Өрт нәтижесінде шамамен 4 000 шаршы метр аумақ жанып кетті.

Өртті сөндіруге 29 арнайы өрт сөндіру техникасы жұмылдырылды. Өрт салдарынан шамамен 7 000 сауда орны толығымен жанып кетті. Бұл оқиға мыңдаған саудагерлер мен кәсіп иелеріне үлкен материалдық шығын әкелді.

Зардап шеккендердің ішінде 1 адамның қаза тапқаны белгілі. 1 200-ге жуық адам ресми түрде өтемақы алуға өтініш білдірді. Әрбір саудагерге 300 000 теңге көлемінде өтемақы төленді. Қайырымдылық қорлар мен жеке бастамалар арқылы 262 миллион теңге, сондай-ақ қоғамдық қорлар арқылы қосымша 22 миллион теңге көмек жиналды.

Болжам бойынша жалпы келтірілген материалдық шығын 40 миллион АҚШ долларын (шамамен 5 миллиард теңге) құрады.

Түркістан облысы Кентау қаласындағы ЖЭО-5 станциясында орын алған апат [1]

Күні және орны: 2012 жылғы 11 ақпан күні, Түркістан облысының Кентау қаласында ЖЭО-5 станциясында апат орын алды.

Апат адам факторының, яғни техникалық қызмет көрсету немесе операторлық қателіктің нәтижесінде болғаны айтылды. Бұл жөнінде Түркістан облысының әкімінің пікірі ретінде, «ЖЭО-5 кездейсоқ ақауына адам факторы себеп болды» деген дерек бар.

Станцияның жөндеу жұмыстары 6 ақпан күні-ақ басталды, және апатты жою, қалпына келтіру шаралары орын алды.

13 ақпан күні, яғни апат болғаннан кейін қосымша екі күн өткенде, барлық зардаптардың жойылғандығы туралы мемлекет тарапынан ресми мәлімдеме жасалды.

Жұмылдырылған адам саны: 250 адам - құрамында Шымкент, Түркістан, Арыс, Отырар және Ордабасылық аудан қызметкерлері бар арнайы мамандардан тұратын авариялық-құтқару топтары.

Жабдықтар мен техника туралы нақты сан көрсетілмеді, алайда 8 авариялық-техникалық бригада мен қажетті құрал-жабдықтар мобилизацияланғаны белгілі болды.

Екібастұз қаласында орын алған техногендік сипаттағы төтенше жағдай [1]

Күні мен себебі: 2022 жылғы 27-28 қарашада Екібастұз қаласында орналасқан ЖЭО станциясында бірнеше бу қазандық (бойлер) істен шығып, қаланың бөліктерін жылумен қамту тоқтады. Бұл ақау ауқымды табиғи аяз (-30 °С) кезінде орын алды.

Бұл оқиғаға байланысты мемлекеттік және әкімшілік деңгейде төтенше жағдай жарияланды («техногендік сипаттағы жергілікті төтенше жағдай»).

Төтенше жағдай жарияланған күнгі ахуал:

- 17 көпқабатты тұрғын үй,
- 5 әлеуметтік нысан,
- 21 заңды тұлғаның объектісі жылыту жүйесіне қосылмай қалды.

Өз кезегінде 28 машинадан тұратын 8 бригада жылу трассаларындағы ақауларды жөндеуге жұмылдырылды.

1.2 Қазақстан Республикасында орын алған ірі су тасқындары

1.2.1 Өзбекстан Республикасы Сырдария облысы Сардоба бөгетінің бұзылуына байланысты Мақтаарал ауданындағы төтенше жағдай

2020 жылдың 1 мамырында Өзбекстан Республикасының Сырдария облысындағы Сардоба су қоймасы бұзылып, оның салдарынан Түркістан облысының Мақтаарал ауданына 180 м³/сек су төгілді. Орталық коллекторынан өтімділігі 120 м³/сек төгілген судың салдарынан Мақтаарал ауданындағы 5 елді мекенді су басып, 1 мамырдан 3 мамырға дейін 6128 адам қауіпсіз жерге көшірілді. Жеңіс ауылындағы көпір (ұзындығы 10 м, ені 6 м), сондай – ақ ұзындығы 63 км 4 автокөлік жолы (Республикалық – 1, облыстық – 2, аудандық – 1) шайылды. Жалпы ауданы 7 411 га жайылымдар мен егіс алқаптары су астында қалды [1].

Жалпы, 14 елді мекеннен 31 606 адам алдын ала эвакуацияланды. Су басқан елді мекендердің тұрғындары Мақтаарал ауданында орналасқан 10 арнайы эвакуациялық пунктте және туыстарында болды.

Нұрлыжол, Фердоуси, Өргебас, Ырысты және Жантақсай ауылдарында жалпы ұзындығы 22,3 шақырымды құрайтын уақытша бөгеттерді салу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, Мырзакент ауылы бағытында 1-суретте көрсетілгендей үш коллектор орнатылып, 87 432 құм салынған қап қойылды.



Сурет 1 – Мақтаарал ауданындағы Сардоба су қоймасының бұзылу салдары

Нұрлыжол, Жаңатұрмыс, Фердоуси, Өргебас, Достық, Жеңіс ауылдарында 9034 м³ су сору, 924 өлген малды шығару және көму, мүлікті эвакуациялау жұмыстары жүргізілді (сурет 2). Жануарлардың мәйіттерін көмуді Ақалтын ауылының маңында АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің ветеринариялық қызметі жүргізді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін 4 бақылау-өткізу бекеті қойылды.



Сурет 2 – Мақтаарал ауданындағы өлген малды шығару жұмыстары

1.2.2 Маусымдық су тасқындары

Су тасқыны кезеңі: 27 наурыз - 2 мамыр 2024 жыл

2024 жылғы көктем мезгілінде Қазақстанның бірнеше өңірінде күрделі су тасқыны жағдайы қалыптасты. Бұл табиғи апат қардың жылдам еруі мен жауын-шашын мөлшерінің көбеюінен туындады. Апаттық ахуал негізінен Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында байқалды [9].

Су тасқынының ауқымы мен зардаптары:

Жалпы 10,9 миллион текше метр еріген қар суы сорылды.

Қорғаныс жұмыстары аясында 3,7 миллион қап және 1,4 миллион тоннадан астам инертті материал пайдаланылды.

4 500-ден астам жеке тұрғын үйді су басты, кей мәліметтер бойынша бұл сан 5 800-ге жетуі мүмкін.

Барлығы 118 500 адам эвакуацияланды, оның ішінде шамамен 44 400 бала бар.

8 800 адам эвакуациялық пункттерде уақытша орналастырылды, кейін олардың 21 500-і үйлеріне оралды.

Әуе арқылы 3 650 адам (оның ішінде 1 170 бала) қауіпсіз жерге көшірілді.

Мал шаруашылығына келтірілген залал: 113 800-ден астам ірі және ұсақ мал тасқын аймағынан көшірілді.

Құтқару және қалпына келтіру жұмыстарына 44 000-нан астам адам, 4 600 арнайы техника, 800-ден астам су сору құрылғысы және 16 әуе кемесі тартылды.

60-тан астам автожол учаскесі мен 9 көпір уақытша істен шықты.

Апат аймақтарына 5 000 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жеткізілді.

Аймақтардағы ахуал:

Ақмола облысы: Есіл және Жабай өзендерінің тасуынан жүздеген үй су астында қалды. Бірнеше ауыл эвакуацияланды.

Елді мекендерді қорғау үшін ұзындығы 36 мың м. үйінділер тұрғызылып нығайтылды, 2 млн-нан астам текше метр су сорылды, 200 мыңнан астам инертті материал салынған қапшықтар төселді, 85 км-ден астам каналдар мен арықтар тазартылды және тереңдетілді, 1443 су өткізу құрылысы тазартылды.

Авариялық-құтқару жұмыстарына 1457 адам, 297 техника, 19 жүзу құралы, 70 мотопомпа жұмылдырылды.

Бүгінгі таңда эвакуацияланған 1907 тұрғын үйлеріне оралды.

ТЖ, қорғаныс және ішкі істер министрлігінің өзара іс-қимылы аясында су тасқынына қарсы іс-шараларды жүргізуді күшейту үшін қосымша күштер мен құралдар жұмылдырылды. Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының курсанттары мен офицерлері белсенді көмек көрсетуде. Сондай-ақ, су тасқыны салдарын жоюға 420 ерікті де қатысуда.

18 мыңнан астам мал уақтылы эвакуацияланды, бұл су тасқыны кезеңінде олардың өліміне жол бермеуге мүмкіндік берді.

Солтүстік Қазақстан облысы: Петропавл мен Қызылжар өңірінде аса қауіпті жағдай орын алды, мыңдаған тұрғын қауіпсіз жерге көшірілді.

Құтқару жұмыстарына барлығы 1087 адам, 126 бірлік төтенше жағдайлар министрлігінің, полиция департаментінің, жергілікті атқарушы органдардың және ТЖМ-нің әскери бөлімдерінің техникасы жұмылдырылды. Тәулігіне 4000 дана, жалпы саны 110 980 қапшық дайындалып, төселді.

Заречное ауылында су басу қаупін төмендету үшін тәулігіне 1500 текше метрден астам су айдау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге дейін барлығы 79 200 текше метр су сорылып шығарылды.

Бұған қоса, Қызылжар ауданының Вагулино және Соколовка ауылдарындағы су тасқыны жағдайына тұрақты мониторинг жүргізілуде. Эвакуациялық пункттер дайындалып, қажетті шаралар қабылданды.

Ақтөбе облысы: Торғай мен Ырғыз өзендеріндегі күрделі жағдайлар бақылауға алынып, әуе күштері мен арнайы техникалар жұмылдырылды.

Облыс аумағында 764 үйді су басты. Эвакуацияланған 1962 адам уақытша орналастыру пункттеріне орналастырылды, 4674 адам туыстарында. 7072 бас мал қауіпсіз жерлерге айдалды.

Өткен тәулікте, тәуліктің түнгі уақытын қоса алғанда, қауіпті учаскелерде шамамен 16 703 дана қап және 10 600 тонна инертті материал төселді, 471 135 м³ текше метр су сорылды.

Авариялық құтқару жұмыстарына 1567 адам, 273 техника, 56 су сору құрылғысы және 31 жүзу құралы жұмылдырылды.

Атырау облысы: Құлсары қаласында мыңдаған адам эвакуацияланды, шұғыл гуманитарлық көмек көрсетілді.

Атырау облысының аумағында қалыптасқан су тасқыны қауіп жағдайына байланысты ҚР ТЖМ бұйрығымен төтенше жағдайдың алдын алуға және жоюға көмек көрсету үшін ҚР ТЖМ құтқарушылары, Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық ұлан сарбаздары және т.б. әскери қызметшілер барлығы 1851 адам, 200-ден астам техника жұмылдырылған болатын. Бірлескен күш-жігердің арқасында 120 000-нан астам адам, 45 000-нан астам бала дер кезінде қауіпті аймақтан құтқарылып, эвакуацияланды.

Қостанай облысы: Су тасқыны салдарынан ауылдар оқшауланып қалды, әуе және су көлігімен көмек жеткізілді.

Құтқару жұмыстарына бір мыңнан аса адам, 500-дің үстінде түрлі техника жұмылдырылған.

Оның ішінде 4 тікұшақ бар. Тек соңғы екі күннің ішінде қауіпті жерлерден 443 адам құтқарылды.

Қорытынды:

Су тасқынының алдын алу және қауіпсіз өтуі үшін шешу жолдары [10, 11]:

1) су тасқыны қаупінің алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар кешенін жыл сайын жасап, іске асыру;

2) су қорғау аймағында және су тасқыны қауіпті учаскелерде орналасқан құрылыстарға тексеру жүргізу, бақылауға алу;

3) жаңбыр және еріген суларды бұру үшін нөсер кәріздерінің, су бұру каналдарының және арықтардың жүйелерінің тазалығына тексеру.

Оң жақтары:

– облыс су қоймаларында бос су қоймаларын құру;

– облыстың алдын ала белгіленген су басу қаупі бар аймақтарына күштер мен құралдар топтамасын анықтап, бекіту;

– жалдау шарттары мен пайдалану жоспарларына сәйкес инженерлік және арнайы техникаларды алдын-ала ұйымдастыру;

– су тасқыны қаупі бар елді мекендер мен автожол учаскелерін инженерлік қорғау;

– халықпен үгіт-насихат және профилактикалық жұмыстар жүргізу;

– жергілікті жерлерде өзендердің деңгейін және су қоймаларының толуына күнделікті бақылауды ұйымдастыру.

Су тасқыны кезеңінің мәселелері:

Жалпы қол жеткізілген жұмыстың оң нәтижелерімен бірге су тасқыны кезеңінен өтуге жүргізілген талдау мынадай кемшіліктерді анықтады:

1) елді мекендерді тасқын сулардан қорғау үшін инженерлік құрылыстардың жеткіліксіздігі;

2) қорғаныс дамбалары мен бөгеттердің нашар техникалық жағдайы;

3) автокөлік жолдарында су өткізгіштердің санының жеткіліксіздігі немесе болмауы;

4) арық-атыздардың күл-қоқыстардан уақытылы тазаланбауы.

2024 жылғы көктемгі су тасқыны еліміздегі табиғи апаттарға дайындық деңгейін тағыда нақтылап көрсетті. Көптеген өңірлерде төтенше жағдайлардың алдын-алу, жедел әрекет ету және зардап шеккен тұрғындарға гуманитарлық көмек көрсету жұмыстары нәтижелі ұйымдастырылды. Мемлекеттік құрылымдар мен еріктілердің бірлескен жұмысы қиын жағдайды бақылауға алуға мүмкіндік берді.

1.3 Алыс-жақын шетелдердегі су бөгеттерінің бұзылуы мен жойқын су басу салдары

Су тасқыны - бұл су өз жолындағыны барлығын шайып өтетін әрсені жуатын қауіпті табиғи құбылыс. Бұл өзендердің деңгейінен асуына, бөгеттердің бұзылуына, үздіксіз жаңбырға, мұхиттық жер сілкіністеріне және цунамиге байланысты [12-14].

Янцзы Су Тасқыны. 1928 жылдан 1930 жылға дейін Қытайда құрғақшылық болды, ал 1931 жылы тарихтағы ең қорқынышты және ең үлкен су тасқыны орын алды. Салдарынан Янцзы өзенінің суларынан шамамен 4 миллион адам қайтыс болды. Тарихта бұл су тасқыны кейінгі кездегі ең күшті және ең салдары ауыр болып саналады. Әр түрлі мәліметтерге сәйкес, су төрт миллион үйді қиратып, үш жүз мың шаршы шақырым аумақты қамтыды.

Хуанхэдегі су тасқыны. Хуанхэ - Қытайдағы ең қыңыр өзен, оның суы бірнеше рет адам өмірін қиды. Алайда, өзеннің ең үлкен төгілуі 1887 және 1938 жылдары болды. Алғаш рет ұзақ жаңбыр бөгеттердің бұзылуына әкеліп соқтырды, нәтижесінде 2 миллион адам үйлерінен айырылып, 900 мың адам қаза тапты.

Америкадағы «Ұлы су тасқыны». 1927 жылы Миссисипи өзенінің суы ұзақ жаңбыр жауғандықтан жағадан шықты. Америка тарихында бұл су тасқыны «Ұлы су тасқыны» деп аталады, өйткені ол 10 штаттың аумағын су басқан. Жаңа Орлеан азаматтарының қауіпсіздігінен қорқып, бөгеттегі қысымды жеңілдету мақсатында қала маңындағы бөгетті жару туралы шешім қабылданды. Алайда, бөгетте жасанды жарықтар пайда болып, олар арқылы Миссисипи суы басқа аймақтарға еніп, 500 мың адамның өмірін қиды [15].

Ганга атырабындағы су тасқыны. Үндістанды орын алған Бхол тропикалық циклонының қуатты нәтижесінде 1970 жылы Ганга атырауында қатты су тасқыны болды. Ол 500 мың адамның өмірін қиды. Су тасқыны жағалаудағы аралдар мен материктің едәуір бөлігін су басып, мыңдаған ғимараттарды, көлік желілерін, инфрақұрылымды қиратты.

Бангладештегі су тасқыны және циклон. Бұл су тасқыны басқа табиғи апаттан басталды. Бангладеш жағалауы мен Үндістанның солтүстік-шығысында 1991 жылы сәуір айының соңында ең қауіпті тропикалық циклондардың бірі орын алды. Сол мезетте желдің жылдамдығы сағатына 250 шақырымға жетті, жағалаудағы аудандарда және жақын аралдарда қатты жел шамамен 12 сағатты құрады. Циклон биіктігі 6 метрден асатын дауыл толқынын тудырды, ол жағалау сызығын басып қалды. Нәтижесінде кем дегенде 138 866 адам қайтыс болды, сонымен қатар шамамен 1,7 миллиард долларға материалдық шығын келтірілді.

Европа мемлекеттерінде де соңғы жылдарда су басу көптеп орын алуда. 2002 жылдың тамызында Еуропада нөсер жаңбырдан туындаған үлкен су тасқыны болды. Влтава, Эльба, Дунай және басқа өзендер жағалаудан шықты. Нәтижесінде ондаған елдердегі айтарлықтай аумақтар су астында қалды. Жалпы алғанда, кем дегенде 110 адам су тасқыны құрбаны болды, ең көп қаза тапқандар Чехия мен Германияның әртүрлі аймақтарында болды. Прагада метро туннельдері су астында қалды, су тасқыны салдарының жалпы экономикалық шығыны 15 миллиард еуроға бағаланды. Осы жылдың 8-10 қыркүйегінде Францияның оңтүстік-шығыс департаменттерінде 27 адам су тасқынының құрбаны болды. Негізгі соққы Гар департаментіне түсті. Материалдық шығын мөлшері €1,2 млрд бағаланды.

μ – өзен арнасының пішінін сипаттайтын параметр;

B_i – серпіліс ені, м;

H – су торабының алдындағы су қоймасының тереңдігі.

Арнаның пішіні параболалық, 1 қанатта $\mu=0,6$.

Серпіліс толқынының 3 км қашықтықта орналасқан бірінші жармаға жету уақытын анықтау төмендегі өрнек бойынша анықталады.

$$t_1 = \frac{L_1}{V_1} \quad (6)$$

Мұндағы: L_1 – өзеннің I-ші бөлігінің ұзындығы;

V_1 – I-ші учаскедегі серпіліс толқынының қозғалыс жылдамдығы.

2.3 Қауіпті өндірістік объектілердегі жарылыстар кезінде ғимараттар мен құрылыстардың қирау мен өрт аймақтарын есептеу

Жарылыстың салдарын болжау және өндірістік нысандар мен қауіпті өндірістік нысандардағы ғимараттар мен құрылыс нысандарына әсері туралы жалпы талаптар, атап айтқанда арнайы және жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде: өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар [79-81]; мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы, мұнай базалары мен автожанармай құю станцияларындағы қауіпті өндірістік нысандар үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын; қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу дабылдары мен аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулық; өрт қауіпсіздігі, өрт қаупін бағалау, өндірістік объектілердегі өрт тәуекелінің есептік шамаларын анықтау әдісі қолданылды.

Жобалық құжаттаманы, сондай-ақ жарылыс қаупі бар нысандардағы авариялардың салдарын оқшаулау және жою шараларын жоспарлауға арналған арнайы құжаттаманы сараптау тәжірибесі көрсеткендей, әртүрлі нормативтік әдістемелерге сәйкес жүргізілген жарылыс процестерін есепту үшін бастапқы деректерді талдау кезеңінде қателер мен қиындықтар жиі туындайды. Дәлелдеу қиын себептерді ескере отырып, қадағалау

мекемелерінің қызметкерлерімен техникалық құрылғылар бұзылған кезде аварияға қатысатын заттың массасын және жарылыстың пайда болуына әсер ететін авариялық сценарийдің зақымдаушы факторларын есептеу қиындық тудырады. Сонымен қатар, олар ғимараттар мен құрылыстардың қирау критерийлерін, жарылыс параметрлерін – қоршаған кеңістікті және заттың агрегаттық күйін анықтауда да ерекше мән береді [82, 83].

Бастапқы негіз – белгілі бір заттың жарылуын есептеу үшін бірыңғай нормативтік құжаттың болмауы, сондай-ақ жарылыс салдарын есептеуде қоршаған ортаның нақты параметрлерінің өзара байланысы: қоршаған ортаның температурасы, атмосфералық қысымы, қоршаған кеңістіктің қатаю дәрежесі, желдің күші, жылдамдығы мен бағыты және басқа факторлар. Сонымен қатар, қоршаған ортаның белгілі бір параметрлері мен есептеу әдістерінде көрсетілген параметрлерді анықтау реті арасындағы байланыс та маңызды болып табылады. Есептеудің бірыңғай тәсілінің болмауы есептеудің дұрыстығына қатысты көптеген күмән тудырады. Кейбір сарапшылар бұл жағдайда заңнамада көрсетілмеген параметрлерді алға тартып, өздерінің күмәнді қорытындыларына басымдық бере алады. Сондай-ақ ұйымдарды «дұрыс және дұрыс емес» деп бөлуге мүмкіндік береді. Бұл мәселені жою жолдары:

1. Есептеу әдістемелерінде қолданылатын бастапқы деректерді іріктеу рәсімін нақтылау.

2. Барлық мүдделі қадағалау органдары (ТЖМ және т.б.) үшін зақымдаушы факторлардың әсер ету аймақтарын есептеу кезінде пайдаланылатын заттардың физикалық-химиялық параметрлерінің заңнамалық тұрғыда белгіленген бірыңғай анықтамалығын енгізу.

3. Есептеу алгоритмі бар оңтайлы математикалық модельді таңдау.

Егер қауіпті өндірістік нысанның меншік иесіне неғұрлым дәл есептеу қажет болса немесе ғимараттардың жарылыстан қорғалуын негіздеу есебі болса (егер мұндай есептеу техникалық қайта жарақтандыруға құжаттаманы жобалау немесе дайындау кезеңінде жүргізілген болса), белгіленген ретпен мамандар аттестатталған Тохі [84] лицензиялық бағдарламалық кешендерінде белгіленген әдістемесі бойынша орындалған есептеудің неғұрлым дәл нәтижесі қолданылуы мүмкін. Бірақ бұл есептеуді жүзеге асыру үшін мамандарды мұқият таңдау қажет.

Қарапайым әдістердің бірі арнайы құжаттаманы дайындау кезінде жеңілдетілген есептеу модельдерін қолдануға болады.

ҚР СТ 3019-2017 өрт қауіпсіздігі бойынша салмағы 10000 кг пропанның отын-ауа қоспасының жарылуын сандық модельдеуде белгіленген нормалар мен ережелерін қолданамыз.

Модельдеу Токси^{+тәуекел} 4.4.1 бағдарламалық кешені негізінде орындалды. Токси^{+тәуекел} 4.4.1 модулінің диалогтық терезесі қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу дабылдары мен апаттарға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулық бойынша есептеуге арналған [85]. Есептеу қалыпты жағдайда орындалады. Сонымен

катар, заттың физикалық-химиялық параметрлері бағдарламалық жасақтамаға енгізілген заттардың мәліметтер базасына сәйкес келеді.

Бұзылу мен зақымдануды бағалау критерийлері 3 кестеде көрсетілген. Ол өндірістік объектілердегі өрт қаупінің есептік мәндерін анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 3 – Токси^{+тәуекел} ТНТ (тринитротолуол) модулінің диалогтық терезесі

Зақымдану критерийлері	Қысым (Па)	Радиус (м)
Ғимараттардың толық бұзылуы	100000	90,13
Ғимараттардың 50% қирауы	53000	126,13
Ғимараттардың орташа зақымдануы	28000	183,45
Ғимараттардың жеңіл зақымдануы (ішкі бөлімдердің зақымдануы және т. б.)	12000	327,88
Қысым толқынымен адамның зақымдануының төменгі шегі	5000	727,7
Кішігірім зақым (әйнек бөлігі сынуы)	3000	1505,22

Есептеуге арналған Токси^{+тәуекел} модулінің диалогтық терезесі ҚР СТ 3019-2017 өрт қауіпсіздігі бойынша құжатта бекітілген [86].

ҚР СТ 3019-2017 өрт қауіпсіздігі бойынша детерминирленген зақымдану критерийлері 4 кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – Жанар-жағармай қоспасы жарылысы Токси^{+тәуекел} модулінің диалогтық терезесі бойынша

Қирау аймағының класы	Қысым (Па)	Радиус (м)
Қирау аймағының класы 1	100000	139,23
Қирау аймағының класы 2	70000	205,18
Қирау аймағының класы 3	28000	351,74
Қирау аймағының класы 4	14000	1025,9
Қирау аймағының класы 5	2000	2051,8

ҚР СТ 3019-2017 өрт қауіпсіздігі нормалар мен ережелер 7, 8 өрнектерге сәйкес модельдеудің салыстырмалы нәтижелері Қазақстан Республикасының соққы толқыны аумағындағы артық қысымның r қашықтықтан жарылыс орталығына дейінгі тәуелділігін бағалаудың дәстүрлі әдістерін көрсетеді, ал әдістеме бойынша есептеулер айтарлықтай аз көрсеткішті болып келеді.

Жарылыс кезінде зақымдану аймақтарының радиусын анықтау әдістемесі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ұлыбританияның бомбалауынан кірпіш ғимараттардың әртүрлі дәрежедегі қирау шекараларын жуықтау арқылы алынған 1 және 2 өрнектерді қолданады.

Заттың салмағы 5000 кг-нан аз болған кезде:

$$R = K \frac{\sqrt[3]{W_T}}{\left[1 + \left(\frac{3180}{W_T}\right)^2\right]^{1/6}} \quad (7)$$

мұндағы: K – жарылыстың объектіге әсерін сипаттайтын өлшемсіз коэффициент;

W_T – тротил эквиваленті, кг.

Заттың салмағы 5000 кг-нан көп болған кезде:

$$R = K \sqrt[3]{W_T} \quad (8)$$

Бұл тәсілдің негізгі кемшілігі – жарылысқа қатысатын заттың үлкен массасы бар тротил эквивалентінің моделі резервпен зақымдану аймақтарын көрсетеді, өйткені ол заттың агрегаттық күйін, қоршаған кеңістіктің сипаттамаларын және жарылғыш бұлттың басталу нүктесінің орнын ескермейді. Алайда, жарылғыш әсердің салдарын жоюды бағалау кезінде мұндай тәсіл неғұрлым қолайлы болып көрінеді. Бұл ретте күрделі есептеу алгоритмдерін қажет етпейді және қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын инженерлік-техникалық персоналға есептеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кіріс есептеу параметрлерін манипуляциялау іс жүзінде алынып тасталады, оның өзгеруі зақымдану аймақтарының радиусын едәуір төмендетуі мүмкін – мысалы, қоршаған кеңістікті ластану дәрежесі бойынша жіктеу.

Салыстырмалы модельдеу нәтижелері Қазақстан Республикасының нормалар мен ережелер моделінің зақымдану аймақтарының радиустарының қабаттасуын көрсетеді. Яғни, Қазақстан Республикасының нормалар мен ережелер моделін ерекше дәлдікпен салыстырғанда қауіпсіз қашықтықты анықтау басымдыққа ие болған жағдайда (нақты жарылғыш құбылыстар мен математикалық модельдердің дәлдігі мен сәйкестігі мәселесі талқылауға ашық болып қалса да) және алгоритмнің ашықтығы сияқты құжаттарды әзірлеу кезінде біржақты жауап беруге мүмкіндік беретін жағдайларда қосымша есептеулер жүргізуге ұсынуға болады [87]:

– қауіпті өндірістік нысандардағы апаттардың салдарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары;

– мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуінің алдын алу және жою жөніндегі жоспар;

– қауіпті нысанның қауіпсіздік паспорты;

– қауіпті өндірістік нысандар мен өнеркәсіп объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорттары.

2.4 «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы студенттерінің төтенше жағдайларда кәсіби әрекетке психологиялық-педагогикалық бейімдеу және кәсіби психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру әдістемесі

Ірі табиғи және техногендік апаттар мен басқа да төтенше жағдайларда зардап шеккендердің көптігімен, экологиялық және психопатологиялық салдарымен сипатталады.

Қазақстанда азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесі – бұл басқару органдарының, азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарының жиынтығы. Олар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде пайда болатын қауіптерден Қазақстан Республикасының халқын, нысандарын және аумақтарын қорғауға бағытталған мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға арналған.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс саласындағы міндеттерді іске асыруға бағытталған. Оған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды алдын-алу және жою, халыққа жедел медициналық және сонымен қатар, психологиялық алғашқы көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтық қорғанысты ұйымдастыру секілді міндеттер жатады.

ТЖД құрамында төтенше жағдайлар аймағындағы халыққа кәсіби медициналық және психологиялық алғашқы көмек көрсету мақсатында авариялық-құтқару қызметі құрылып, ол жедел медициналық және психологиялық алғашқы көмек көрсететін арнайы қызмет ретінде жұмыс істейді.

Психологтар қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындау тұрғысынан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі психологтарының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы ереже маңызды болып табылады. Аталған ереже психологтардың мәртебесін, өкілеттіктерін, сондай-ақ олардың кәсіби қызметін ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің мазмұны мен ұйымдастырылуы мен кадрларды даярлауды реттейді [88]. Құжатта психологиялық қызмет Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі жүйесінің құтқару күштері мен құралдарының жиынтығы болып айқындалады. Аталған қызмет ТЖМ жүйесі қызметкерлерінің, оның ішінде төтенше жағдайларды жоюға қатысатын мамандардың қызметін психологиялық тұрғыдан сүйемелдеуге бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтиды. Сонымен қатар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен адамдарға жедел психологиялық алғашқы көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді.

Психологиялық көмек көрсету мәселелерінде халықтың психологиялық мәдениетінің деңгейіне әсер ететін халықтың психологиялық сауаттылығы мен психологиялық құзыреттілігі маңызды рөл атқарады. Психологиялық сауаттылық халықтың қарым-қатынас психологиясы, таным және өзін-өзі ұйымдастыру процестеріндегі хабардарлығында көрінеді. Ал, психологиялық құзыреттілік – психологиялық білімді тиімді қолдана білуді және қажет болған жағдайда кәсіби психологтарға жүгінуді қамтамасыз етеді.

Шұғыл психологиялық көмектің уақтылы көрсетілмеуі сау адамдарда күйзеліс туғызатын төтенше жағдайлардың әсерінен туындайтын бірқатар кешіктірілген психикалық көріністердің пайда болуына алып келеді. Оның ішінде, посттравмалық стресс бұзылыс, психосоматикалық бұзылыстар және өзге де жағымсыз психикалық салдарлар байқалады.

Сондықтан ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі жетекші елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, психологиялық қызметін құрды. Аталған қызмет ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2008 жылғы 29 қаңтардағы №15 «психологиялық қызметті құру туралы» бұйрығының негізінде ұйымдастырылды. Төтенше жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсету және ұйымдастыру жауапкершілігін мемлекет арнайы қызметтерді: құтқару, өрт сөндіру, медициналық қызметтері ұйымдастырылды. Төтенше жағдайлар саласының қызметкерлері төтенше жағдай орнында психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастырудың қағидағтары мен тәртібін нақты түсінуі аса маңызды болып табылады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 175-11) тармақшасына сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдарға (оның ішінде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне) шұғыл психологиялық көмек көрсету қағидаларын айқындайтын нормативтік-құқықтық негіздер әзірленді [89].

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде психологтың көмегі өте қажет. Төтенше жағдай кезіндегі психологтың көмегі – бұл сол сәтте төтенше жағдайдан зардап шеккен адамның психикалық жай-күйін жақсартуға бағытталған кешенді іс-қимылдар жиынтығын құрайды. Кейінгі кезеңдерде психологтың жұмысы төтенше жағдайлардан зардап шеккен адамның эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, күйзелістен кейінгі жағымсыз психикалық белгілерді жоюға, сондай-ақ оқиға салдарынан зардап шеккен адамның және оның туыстарының айналасындағы психологиялық қолайлы ортаны ұйымдастыру болып табылады.

Экстремалды жағдайлар психологиясының мәселелері бойынша зерттеудің теориялық негізін А.Е. Тарас пен К.В. Селченк, В.В. Антипов, И.Г. Малкина-Пых сияқты тағы басқа авторлардың еңбектері құрайды. «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» білім беру

бағдарламасының студенттерін психологиялық-педагогикалық даярлау мәселелері бойынша – К.Э. Комаров, Ю. Корнейчук, В.И. Розов, А.В. Щипанов, В.В. Рубцова, С.Б. Малых [90], Т.В. Рогачев, Г.В. Залевский, Т.Е. Левицкая [91] еңбектері негіз болып табылады.

«Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» (бұдан әрі – «ҚОҚЖӨТҚ») білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді даярлау мәселесі, олардың кәсіби қызмет саласы мен объектілері, соның ішінде төтенше жағдайлар жағдайында жұмыс істеу, тек бағдарламаның әдіснамалық және теориялық аспектілеріне назар аударылған жағдайда ғана тиімді шешілуі мүмкін. Бұл бағыттағы зерттеулерде келесі мәселелерге ерекше мән береді:

– «ҚОҚЖӨТҚ» БББ студенттерінің психологиялық дайындық пен физикалық даярлық арасындағы өзара байланысы;

– сана мен практикалық қызметтің біртұтастылығы;

– дайындықтың физиологиялық механизмдері мен мінез-құлықты реттеу деңгейлерінің өзара әрекеті;

– Ерекше кәсіби жағдайларда тапсырмаларды орындау кезінде эмоционалдық және ерік-жігерлік тұрақтылықты қалыптастыру мен оны қолдану әдістері.

Кәсіби-психологиялық дайындықтың негізгі мақсаты – экстремалды жағдайларда кәсіби мәселелерді шешуде психологиялық қиындықтарды сәтті жеңуді қамтамасыз ететін дайындықты қалыптастыру және арттыру.

Демек, оқыту мен тәрбиелеумен қатар психологиялық-педагогикалық дайындық жүзеге асырылады, оның барысында міндеттерді орындау үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттер (батылдық, ерлік, патриоттық сезім және т.б.) қалыптасады. Бұл қасиеттер Төтенше жағдайлар министрлігінің жеке құрамына қойылатын жалпы мақсатты ұстанымдар мен талаптарға сәйкес келуі тиіс.

«ҚОҚЖӨТҚ» БББ студенттерін кәсіби-психологиялық даярлау қажеттілігі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметкерлері мен бөлімшелерінің практикалық қызметінің мысалдарымен дәлелденді. Аталған дайындық мақсаттарды, міндеттерді, бағдарламаларды, өткізу нысандары мен әдістерін, сондай-ақ қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеуді қамтиды. Яғни, тұтастай алғанда біртұтас педагогикалық және психологиялық жүйені құрайды. Осыған байланысты жүзеге асырудың іс-тәжірибелік мәселелері педагогикалық-психологиялық білімдерді пайдалануға негізделуі тиіс. Сондықтан бұл үдерісті сипаттауда «психологиялық-педагогикалық дайындық» терминін қолдану орынды болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық дайындықтың заманауи негізгі бағыттары:

– оқыту процесінде ерекше (оның ішінде экстремалды) жағдайларды модельдеу және бұл ретте маманның қажетті іс-әрекеттерін пысықтау;

– жаттықтырылатын іскерліктер мен дағдыларды ойша бейнелеуге негізделген идеомоторлық жаттығуларды қолдану;

– арнайы әдістемелік тәсілдер мен оқу-үйрету құралдарын пайдалану арқылы осы қызмет үшін кәсіби маңызды қасиеттерді жетілдіру.

Психологиялық-педагогикалық даярлықтың мәні қызметкерлердің кәсіби-психологиялық даярлығын қалыптастырудан тұрады. Аталған даярлық қызметкерлердің кәсіби шеберлігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Оның табысты кәсіби қызметке дайындығының түрін қалыптастыру болып табылады және оған мыналар кіреді:

– *кәсіби-психологиялық білім*. Бұл абстрактілі сипаттағы жалпы психологиялық білімдер емес, керісінше кәсіби қызметтің ерекшелігіне бейімделген және кәсіби қызмет барысында туындайтын психологиялық қиындықтарды түсінуге, әрі саналы түрде еңсеруге негіз болатын білімдер жүйесі;

– *кәсіби-психологиялық дағдылар мен біліктілік*. Бұл маман игерген іс-әрекет ету тәсілдері болып табылады. Олар мыналарды қамтиды: аналитикалық және психологиялық дағдылар (қызметтік жағдайлар мен іс-әрекеттердегі психологиялық аспектіні көру, оны түсіну және дұрыс бағалау, психологиялық тұрғыдан негізделген шешім қабылдау және оны жүзеге асыру тәсілін анықтау); тактикалық және психологиялық дағдылар (құқықтық және кәсіби міндеттерді шешу үдерісіне енгізілетін, оның тиімділігін арттыратын психологиялық ықпал ету әдістері мен тәсілдері); техникалық және психологиялық дағдылар (кәсіби жұмыста психологиялық құралдарды, атап айтқанда вербалды, вербалды емес және мінез-құлықтық ықпал ету құралдарын қолданумен байланысты).

– *кәсіби дамыған психологиялық қасиеттер (қабілеттер)*. Олардың қатарына ең алдымен кәсіби сезінулер, кәсіби қабылдаулар (визуалды, есту, иіс сезу және т. б.), кәсіби байқағыштық, зейін, есте сақтау, кәсіби елестетулер, кәсіби ойлау, кәсіби қырағылық, күтпеген жағдайларға дайын болу және басқа да маңызды қасиеттер жатады.

– *кәсіби-психологиялық тұрақтылық* - студенттердің кәсіби-психологиялық дайындығының ерекше құрамдас бөлігі, ол кез-келген күрделі және қауіпті жағдайларда міндеттерді шешудің тиімділігі мен сапасын төмендетпей әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді [92].

Аталған әдістердің негізінде түрлі тәсілдер көмегімен нақты жағдайларға ұқсас ахуалдарды қайта жаңғыртуға болатыны жөніндегі тұжырым жатыр. Бұл өз кезегінде студенттерде әртүрлі қарқындылық дәрежесіндегі психикалық шиеленіс жағдайының пайда болуына ықпал етеді. Осылайша, «ҚОҚжӨТҚ» БББ студенттерінің кәсіби даярлықтың әртүрлі пәндері бойынша оқу сабақтары барысында меңгерген дағдылары мен біліктіліктері нақты жағдайларға ұқсас ықпал ету арқылы бекітіледі. Нәтижесінде, студенттердің ықтимал күрделі жағдайларға ішінара бейімделуі жүзеге асырылады, бұл олардың психикалық тұрақтылығының артуына мүмкіндік береді.

Күрделі жағдайдағы қызметке, қауіп-қатер жағдайында, ақпарат пен уақыт тапшылығы, сондай-ақ шамадан тыс шиеленіс жағдайында қызметке кәсіби дайындықтың тиімді процесін үш кезеңде жүзеге асырған жөн.

Бірінші кезеңде негізінен нақты қызмет жағдайлары туралы ақпараттың жеткіліксіздігін төмендетуге бағытталған және игерілетін іс-әрекеттер бойынша жалпы бағдар беретін демонстрациялық әдістерді қолдану қажет.

Екінші кезеңде кәсіби іс-әрекеттің бағдарлық негізін қалыптастыруға бағытталған шартты-ситуациялық әдістер мен жекелеген стресс-факторларды қарқынды түрде қолдануды бастау орынды болып табылады. Екінші кезеңнің қорытындысы ретінде кәсіби іс-әрекеттерді игеру, оларды қалыпты жағдайда нақты әрі дұрыс орындау деңгейіне қол жеткізу қарастырылады.

Үшінші кезеңде шартты-ситуациялық әдістерді кәсіби қызметке тән психологиялық стресс-факторларды кеңінен түрлендіріп көрсету арқылы ұштастыра қолдану қажет. Мұндай үйлесім сыртқы ықпалдарға төзімді әрекет ету қабілетін арттыруға және студенттердің өз күшіне деген сенімділігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттердің психологиялық даярлығын қалыптастырудың үшінші кезеңінің қорытындысы ретінде болашақ кәсіби қызметті меңгерудің жоғары деңгейіне қол жеткізу қарастырылады. Онда психологиялық факторлардың, оның ішінде стресстік факторлардың әртүрлі қалыптасқан сценарийде көрсету жағдайында да қызметтің орындалу барысы бұзылмайды.

Психологиялық-педагогикалық дайындықтың негізгі формаларына – практикалық сабақтар, топтық пікірталастар, рөлдік ойындар мен тренингтер жатады. Сабақтар студенттерді кәсіптік даярлау жүйесіндегі оқытудың басқа түрлерімен тығыз байланысты болуы керек, ал осы оқу түрлері психологиялық элементтерді қамтуы қажет. Мысалы, кіріспелік элементтер, психологиялық шиеленісті және белгісіздікті тудыратын элементтер, студенттердің өз бетінше тәуелсіз шешімдер қабылдауды ынталандыратын элементтерді қамтуы керек.

Сабақтарды дайындау кезінде басты назарды студенттерге арналған практикалық тапсырмаларды таңдау мәселесіне аудару орынды. Бұл ретте кәсіби қызметтің нәтижелерін, нақты бейнежазбаларды, сондай-ақ жедел ақпараттық мәліметтерді пайдалануға болады. Тапсырмалар студенттерді психологиялық тұрғыдан оқиғаны, жағдайды және іс-әрекеттерді талдауға, болжауға, негіздеуге және оларды орындауға ынталандыруы тиіс. Бұл жағдайда оқу үдерісі психологиялық тұрғыдан барынша шынайы жағдайларға жақындатылып ұйымдастырылуы тиіс.

Студенттердің экстремалды жағдайларда әрекет етуге психологиялық – педагогикалық даярлау жүйесін кезең-кезеңімен құру тиімді. Әр кезең кәсіби дайындықтың белгілі бір кәсіби ойлау деңгейімен сәйкестендірілуі тиіс: бірінші кезеңде сенсорлық-моторлы, екіншісінде аналитикалық-синтетикалық, үшіншісінде алгоритмдік және шығармашылық.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының ТЖМ-де психологиялық қызмет құрылып, белсенді түрде дамып келеді. Оның маңызды міндеттерінің

бірі – төтенше жағдайларда әрекет ететін ТЖМ қызметкерлерінің кәсіби қызметін психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету болып табылады [93].

Аталған компоненттерді талдау «ҚОҚжӨТҚ» БББ студенттерінің болашақ кәсіби қызметіне психологиялық-педагогикалық дайындық процесіне психологиялық құралдар мен әдістерді әзірлеу және енгізу жөніндегі басымдықтарды айқындауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар мен әдістер «төтенше жағдайларда психологиялық тұрақтылық» оқу пәні аясында біртұтас бағдарлама ретінде біріктіріледі.

Айта кету керек, төтенше жағдайларға дайындықты мақсатты түрде қалыптастыру студенттердің қателік жасау мүмкіндігін азайтуға және өз қабілеттеріне деген сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, психологиялық-педагогикалық дайындықты тиімді ұйымдастыру мен сапалы жүргізудің нәтижесі болуы керек.

«ҚОҚжӨТҚ» БББ студенттерін психологиялық-педагогикалық даярлау мәселесін зерттеу барысында біз «Табиғи және техногендік төтенше жағдайлар кезінде халыққа психологиялық қолдау көрсетуге дайындық, хабардар болу деңгейін және қажеттілігін талдау» атты сауалнаманы әзірледік. Аталған сауалнамада 20 диагностикалық сұрақ қамтылған және олар үш блокқа бөлінген: хабардарлық, іс-әрекетке дайындық, психологиялық қолдауға қажеттілік, нәтижелерді бағалау келесі шкала бойынша жүзеге асырылады:

0-20 балл – хабардарлық, әрекетке дайындық және қолдауға қажеттілікті түсінуі төмен деңгей (ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілуі қажет).

21-30 балл – орташа деңгей (ішінара дайындық бар, бірақ қосымша қолдау қажет).

31-40 балл – хабардарлық және дайындықтың деңгейі жоғары (психологиялық көмекке деген қызығушылық қалыптасқан).

Әзірленген сауалнама «Төтенше жағдайларда психологиялық тұрақтылық» пәнін оқыту барысында студенттердің практикалық сабақтарына, сондай-ақ, төтенше жағдайдың алдын-алу және түсіндіру жұмыстарын жүргізу кезінде Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері тарапынан Түркістан облысының тұрғындарына сауалнама жүргізу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

3–ТАРАУ. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ОРЫН АЛАТЫН БОЛЖАМДЫ АПАТТАРДА ЗАРДАП ШЕГУ АЙМАҒЫ МЕН ҚИРАУЛАР

3.1 Түркістан облысының болжамды жер сілкінісі салдары

Түркістан облысы бойынша жер сілкінісі кезіндегі мүмкін болатын шығындарды есептеп, төмендегідей мәліметтерді келтірдік. Алынған мәліметтер барлық елді мекендер бойынша толыққанды жүргізілген зерттеулер бойынша келтірілген. Зерттеулердің нақтылығын Түркістан облысының төтенше жағдайлар департаментімен бірге жүргізілген зерттеу актісімен расталды (Қосымша А).


1) Түркістан қаласы ықтимал 6 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар 20 суретте көрсетілген.

Медициналық жағдай: болжамды 6 балл жер сілкінісі орын алған жағдайда санитарлық шығындар болмайды.

Инженерлік жағдай: болжамды жер сілкінісі туындаған жағдайда Түркістан қаласында 17 073 ЖТҚ жеңіл (шағын жарықтар) және орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі) зақымдануы мүмкін, бұл қаланың барлық тұрғын үй қорының 52% құрайды.

Сонымен қатар, өндірістік объектілер, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылып, бүлінуі мүмкін. Бұл нысандар: 2 өндірістік объект, 1 сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін қамтамасыз ету объектісі, 1 жылумен жабдықтау объектісі, 117 электрмен жабдықтау объектілері, 2 байланыс объектісі.

Күрделі жағдай адамдар көп жиналатын жерлерде: мектептерде, балабақшаларда, дүкендерде, ауруханаларда орын алады. Атап айтқанда, 4 мектеп, 16 балабақша, 1 интернат, 2 емдеу-профилактикалық мекеме, 1 әкімшілік ғимарат, 1 аса маңызды объект (әкімдіктер, банктер және т.б.) 4 ЖҚС және АГҚС әртүрлі дәрежедегі зақым алуы мүмкін (Кесте 5).



Сурет 20 – Түркістан қаласы ықтимал 6 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Кесте 5 – Түркістан қаласының жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Түркістан қаласы	адам шығындары (жалпы 221 471 адам)	ЖТҚ зақымдануы (жалпы 32 780)	әкімшілік нысандар	өндірістік объектілер	коммуналдық- энергетикалық желілер мен құрылыс нысандары	байланыс желілері	жолдар мен жол бойындағы инженерлік құрылыстар (жалпы 532 км)	стратегиялық нысандар
6 балл	0	17 073	29	2	119	2	532	3

2) Кентау қаласы ықтимал 6, 7 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар 21 суретте көрсетілген.

6 балл:

Медициналық жағдай: болжамды 6 баллдық жер сілкінісі орын алған жағдайда санитарлық шығындар болмайды.

Инженерлік жағдай: 185 жеке тұрғын үйлер түрлі дәрежеде зақымданылар алуы мүмкін. Бұл жағдайда жеке тұрғын үй ғимараттарында жеңіл (кіші жарықтар), орташа (ірі жарықтар, сылақ түсуі) және ауыр зақымданулар орын алуы мүмкін, оның ішінде 19-ы жеңіл, 151- і ірі , 15- і ауыр зақымданулар.

Адамдар ең көп шоғырланған жерлерде қиын жағдай қалыптасады: мектептер, балабақшалар, дүкендер, ауруханалар. Атап айтқанда, 2 мектеп әртүрлі дәрежедегі зиянға ұшырайды, 1 балабақша, 1 медициналық мекемелер, 1 әкімшілік ғимарат, 1 ерекше маңызды нысан (әкімдіктер, банктер және т.б.), 1 жанармай құю бекеті әр түрлі дәрежедегі зақымдануға ұшырайды.

Сонымен қатар, инженерлік-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылып, зақымдалуы мүмкін. Олар: 1 сумен жабдықтау және су бұру жүйелерімен қамтамасыз ету объектілері, 9 электрмен жабдықтау объектілері, 1 байланыс объектілері.


7 балл:

7 баллдық жер сілкінісі орын алған жағдайда санитарлық шығын болуы мүмкін, соның салдарынан 218 адам жарақат алып, орны толмас шығын 22 адам болуы мүмкін. Ауырлығы бойынша барлығы орташа деңгейде жарақат алады, облыстағы емдеу-профилактикалық мекемелерде жергілікті жерде амбулаториялық негізде медициналық көмек көрсетіледі , сонымен қатар осы аудандардың алғашқы медициналық көмек жасағы да тартылады .

Инженерлік жағдай: жеңіл (кішкентай жарықтар) және орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі), сондай-ақ 10 594 жеке тұрғын үйге қатты (жарықтар, қабырғалардың қирауы, түтін мұржаларының құлауы) зақым келуі мүмкін, бұл қаланың бүкіл тұрғын үй қорының 54% құрайды.

5 мектеп, 9 балабақша, 1 интернат, 2 емдеу-профилактикалық мекеме, 1 әкімшілік ғимарат, 1 аса маңызды объект (әкімдіктер, банктер және т.б.), 1 ЖҚС және АГҚС әртүрлі дәрежедегі зақым алуы мүмкін.

Сонымен қатар, өндірістік объектілер, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылып, бүлінуі мүмкін. Олар: 3 өндірістік объект, 1 сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін қамтамасыз ету объектісі, 1 жылумен жабдықтау объектісі, 122 электрмен жабдықтау объектілері, 1 байланыс объектісі (Кесте 6).



Сурет 21 – Кентау қаласы ықтимал 6,7 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Кесте 6 – Кентау қаласы ықтимал жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Кентау қаласы	Санитарлық шығындар (жалпы 100 642 адам)	адам шығындары (жалпы 100 642 адам)	ЖТҚ зақымдануы (жалпы 20 145)	әкімшілік нысандар	өндірістік объектілер	коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыс нысандары	байланыс желілері	жолдар мен жол бойындағы инженерлік құрылыстар (жалпы 374 км)	стратегиялық нысандар
6 балл	0	0	185	7	0	10	1	374	2
7 балл	218	22	10 594	20	3	124	1	374	2

3) Арыс қаласы ықтимал 6, 7, 8 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар 22 суретте көрсетілген.

6 балл:

Медициналық жағдай: болуы мүмкін 6 балл жер сілкінісі кезінде санитарлық шығындар болмайды.

Инженерлік жағдай: болжамды жер сілкінісі болған жағдайда 6 балл жеңіл (ұсақ жарықтар), орташа (үлкен жарықтар, сылақтың сынуы) және жеке тұрғын үйлерге қатты зақым келуі мүмкін. Оның ішінде: жеңіл зақым 11, әлсіз зақым 3, үлкен зақым 1, қатты зақым 3 және толық қирау 1.

Сонымен қатар, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де жеңіл зақымдануды ала алады.

Қиын жағдай адамдар көп жиналатын жерлерде: мектептерде, балабақшаларда, дүкендерде, ауруханаларда дамиды.

7 балл:

Медициналық жағдай: 7 баллдық жер сілкінісімен 25 адамды құрайтын санитарлық шығындар, 5 адамды құрайтын қайтарымсыз шығындар болуы мүмкін. Ауырлық дәрежесі бойынша барлық зардап шеккендер орташа болады, медициналық көмек жергілікті жерлерде амбулаториялық тәртіппен ауданның емдеу-профилактикалық мекемелерінде көрсетілетін болады, сондай-ақ осы аудандардың алғашқы медициналық көмек жасағы тартылатын болады.

Инженерлік жағдай: болжамды 7 балл жер сілкінісі болған жағдайда әртүрлі дәрежедегі зақымданулар мен қираулар 1 541 жеке тұрғын үйді құрайды. Бұл ретте жеңіл (ұсақ жарықтар), орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі) және жеке тұрғын үйлерге қатты зақым келуі мүмкін, оның ішінде әлсіз зақымданулар 144, үлкен зақымданулар 1 271, ауыр зақымданулар 126.

Сонымен қатар, өндірістік объектілер, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылып, бүлінуі мүмкін. Олар: 1 өндірістік объектілер, 2 сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін қамтамасыз ету объектілері, 1 жылумен жабдықтау объектілері, 90 энергия өндіретін және электрмен жабдықтау объектілері, 1 байланыс объектілері.

Күрделі жағдай адамдар көп жиналатын жерлерде: мектептерде, балабақшаларда, дүкендерде, ауруханаларда дамиды. Атап айтқанда, 2 мектеп, 5 балабақша, 2 әлеуметтік нысан, 3 емдеу-профилактикалық мекеме, 2 әкімшілік ғимарат, 1 теміржол станциясы, 2 аса маңызды нысан (әкімдіктер, банктер және т.б.), 5 ЖҚС пен АГҚС, 2 мұнай базасы мен мұнай станциясы нысаны және 1 қойма әртүрлі дәрежеде зақым алады.

8 балл:


Медициналық жағдай: жер сілкінісі болуы мүмкін 8 балл, 1 767 адамды құрайтын санитарлық шығындар, 177 адамды құрайтын қайтарымсыз шығындар болуы мүмкін. Ауырлық дәрежесі бойынша барлығы орташа және ауыр деңгейде зардап шегетін болады, медициналық көмек жергілікті жерлерде амбулаториялық тәртіппен қаланың емдеу-профилактикалық

мекемелерінде көрсетілетін болады, сондай-ақ қаланың алғашқы медициналық көмек жасағы тартылатын болады.

Инженерлік жағдай: болжамды жер сілкінісі болған жағдайда 8 балл жеңіл (ұсақ жарықтар) және орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі) зақымдалуы мүмкін 5 444 жеке тұрғын үй, қаланың барлық тұрғын үй қорының 53% құрайды.

9 мектеп, 9 балабақша, 2 әлеуметтік объект, 3 емдеу-профилактикалық мекеме, 1 әкімшілік ғимарат, 1 теміржол станциясы, 5 аса маңызды объект (әкімдіктер, банктер және т.б.) 5 ЖҚС және АГҚС, 1 мұнай базасы мен мұнай станциясы объектісі, 1 қойма әртүрлі дәрежедегі зақым алады.

Сонымен қатар, өндірістік объектілер, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылып, бүлінуі 7-кестеде келтірілген. Олар: 1 өндірістік объект, 1 сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін қамтамасыз ету объектісі; 2 жылумен жабдықтау объектісі; 108 электрмен жабдықтау объектісі, 1 газбен жабдықтау объектісі, 2 байланыс объектісі.



Сурет 22 – Арыс қаласы ықтимал 6, 7, 8 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Кесте 7 – Арыс қаласы ықтимал жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Арыс қаласы	Санитарлық шығындар (жалпы 77 850 адам)	адам шығындары (жалпы 77 850 адам)	ЖТҚ зақымдануы (жалпы 13 189)	әкімшілік нысандар	өндірістік объектілер	коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыс нысандары	байланыс желілері	жолдар мен жол бойындағы инженерлік құрылыстар (жалпы 381 км)	стратегиялық нысандар
6 балл	0	0	19	0	0	0	0	381	3
7 балл	25	5	1541	25	1	93	1	381	3
8 балл	1767	177	5444	37	1	112	2	381	3

4) Бәйдібек ауданы ықтимал 6, 7, 8 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар 23 суретте көрсетілген.

6 балл:

Медициналық жағдай: 6 баллдық жер сілкінісі орын алған жағдайда санитарлық шығындар болмайды.

Инженерлік жағдай: болжамды 6 баллдық жер сілкінісі кезінде 516 жеке тұрғын үйге жеңіл (ұсақ жарықтар) және орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі) зақым келтіруі мүмкін, бұл ауданның барлық тұрғын үй қорының 6% құрайды.

Сонымен қатар, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылып, зақымдалуы мүмкін. Нақтырақ айтқанда, 1 сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін қамтамасыз ету объектісі, 1 газбен жабдықтау объектісі, 21 электрмен жабдықтау объектілері, 1 байланыс объектісі.

Қиын жағдай адамдар көп жиналатын жерлерде: мектептерде, балабақшаларда, дүкендерде, ауруханаларда орын алады. Олар: 2 мектеп, 2 балабақша, 1 емдеу-профилактикалық мекеме, 1 ЖҚС және АГҚС әртүрлі дәрежедегі зақымдануларын алуы мүмкін.

7 балл:

Медициналық жағдай: болжамды 7 баллдық жер сілкінісі кезінде санитарлық шығындар туындауы мүмкін, 1 721 адам жарақат алып, 344 адам қайтарымсыз шығындар болуы мүмкін. Ауырлық дәрежесі бойынша барлық зардап шеккендер орташа болады, медициналық көмек жергілікті жерлерде амбулаториялық тәртіппен ауданның емдеу-профилактикалық мекемелерінде көрсетілетін болады, сондай-ақ осы аудандардың алғашқы медициналық көмек жасағы тартылады.

Инженерлік жағдай: 7 баллдық жер сілкінісі болған жағдайда жеке тұрғын үй құрылыстары әртүрлі дәрежедегі зақымданулар мен бұзылуларға, яғни, жеңіл (ұсақ жарықтар), орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі) және күрделі зақым келуі мүмкін, оның ішінде жеңіл зақымданулар 829, орташа

зақымданулар 222, үлкен зақымданулар 55, қатты зақымданулар 210 және толық қираулар 52.

Сонымен қатар, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылу мен зақымдануға ұшырайды. Олар: 1 сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін қамтамасыз ету объектілері, 1 жылумен жабдықтау объектілері, 52 электрмен жабдықтау объектілері, 1 газбен жабдықтау объектілері, 1 байланыс объектілері.

Күрделі жағдай адамдар көп жиналатын жерлерде: мектептерде, балабақшаларда, дүкендерде, ауруханаларда орын алады. Нақтырақ айтқанда, 11 мектеп, 11 балабақша, 1 емдеу-профилактикалық мекеме, 1 әкімшілік ғимарат, 1 аса маңызды объектілер (әкімдіктер, банктер және т.б.) 5 ЖҚС және АГҚС әртүрлі дәрежедегі зақым алады.


8 балл:

Медициналық жағдай: ықтимал 8 балл жер сілкінісі кезінде 4 118 адамды құрайтын санитарлық шығындар, 412 адамды құрайтын қайтарымызсыз шығындар болуы мүмкін. Зардап шеккендердің барлығы ауырлық дәрежесі бойынша күрделі деңгейде, медициналық көмек жергілікті жерлерде амбулаториялық тәртіппен ауданның емдеу-профилактикалық мекемелерінде көрсетілетін болады, сондай-ақ осы аудандардың алғашқы медициналық көмек жасағы тартылатын болады.

Инженерлік жағдай: болжамды 8 баллдық жер сілкінісі туындаған жағдайда әртүрлі дәрежедегі зақымданулар мен қираулар 3 918 жеке тұрғын үйлерге әсер етеді, ауданның барлық тұрғын үй санының 55% құрайды. Бұл ретте жеңіл (ұсақ жарықтар), орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі) және қатты дәрежеде зақым келуі мүмкін, оның ішінде жеңіл зақымданулар 181, орташа зақымданулар 3 399, қатты зақымданулар 338.

Сонымен қатар, өндірістік объектілер, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылысқа ұшырауы мүмкін. Олар: 1 сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін қамтамасыз ету объектілері, 183 электрмен жабдықтау объектілері, 1 газбен жабдықтау объектілері.

Қиын жағдай адамдар көп жиналатын жерлерде: мектептерде, балабақшаларда, дүкендерде, ауруханаларда болады. Атап айтқанда, 16 мектеп, 30 балабақша, 6 емдеу-профилактикалық мекеме, 2 әкімшілік ғимарат, 5 аса маңызды объектілер (әкімдіктер, банктер және т.б.) 7 ЖҚС және АГҚС әртүрлі дәрежедегі зақым алу туралы мәліметтер 8 кестеде көрсетілген.



Сурет 23 – Бәйдібек ауданы ықтимал 6, 7, 8 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Кесте 8 – Бәйдібек ауданы ықтимал жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Бәйдібек ауданы	Санитарлық шығындар (жалпы 54 150 адам)	адам шығындары (жалпы 54 150 адам)	ЖТҚ зақымдануы (жалпы 9214)	әкімшілік нысандар	өндірістік объектілер	коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыс нысандары	байланыс желілері	жолдар мен жол бойындағы инженерлік құрылыстар (жалпы 92 км)	стратегиялық нысандар
6 балл	0	0	516	6	0	23	0	92	2
7 балл	1721	344	1368	30	0	55	1	92	2
8 балл	4118	412	3918	66	0	185	1	92	2

5) Жетісай ауданы ықтимал 7 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар 24 суретте көрсетілген.


Медициналық жағдайы: 7 баллдық жер сілкінісі орын алған жағдайда 20 062 адамды құрайтын санитарлық шығын, ал, орны толмас шығын 2006 адамды құрауы мүмкін. Ауырлығы бойынша барлығы орташа деңгейде жарақат алады, облыстағы емдеу-профилактикалық мекемелерде жергілікті жерде амбулаториялық негізде медициналық көмек көрсетіледі, сонымен қатар осы аудандардың алғашқы медициналық көмек жасағыда тартылады.

Инженерлік жағдай: ықтимал 7 балл жер сілкінісі болған жағдайда жалпы әртүрлі дәрежедегі зақымданулар мен бұзылуларға ұшырауы мүмкін.

17 989 құрайтын жеке тұрғын үйлер зақымдануға ұшырауы мүмкін, ол жалпы тұрғын үй қорының 55% құрайды. Бұл жағдайда жеке тұрғын үйлердің жеңіл (кіші жарықтар), орташа (ірі жарықтар, сылақтың түсуі) және ауыр зақым алып, оның ішінде 1 413 жеңіл, 15 082 орташа, 1 494 ауыр зақымдануларға ұшырауы мүмкін.

Сонымен қатар, өндіріс орындары, инженерлік-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де қирап, әртүрлі дәрежеде зақымдалуы мүмкін, олар: 4 өндіріс орны, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қамтамасыз ету бойынша 2 нысан, 262 энергия өндіруші қондырғылар және электрмен жабдықтау, 2 газбен жабдықтау нысаны, 1 байланыс нысаны.

Адамдар ең көп шоғырланған жерлерде күрделі жағдай қалыптасады: мектептер, балабақшалар, дүкендер, ауруханалар. Бұл нысандар: 41 мектеп әртүрлі дәрежедегі зиянға ұшырайды, 108 балабақша, 3 әлеуметтік нысан, 10 медициналық мекемелер, 6 әкімшілік ғимараттар, 8 ерекше маңызды объектілер (әкімдіктер, банктер және т.б.) 35 ЖҚС және АГҚС (Кесте 9).



Сурет 24 – Жетісай ауданы ықтимал 7 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Кесте 9 – Жетісай ауданы ықтимал жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Жетісай ауданы	Санитарлық шығындар жалпы 200 623 адам	адам шығындары жалпы 200 623 адам	ЖТҚ зақымдануы (жалпы 32 707)	әкімшілік нысандар	өндірістік объектілер	коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыс нысандары	байланыс желілері	жолдар мен жол бойындағы инженерлік құрылыстар (жалпы 200 км)	стратегиялық нысандар
7 балл	20 062	2006	17 989	211	4	266	1	200	1

6) Келес ауданы ықтимал 7, 8 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындары 25 суретте көрсетілген.

7 балл:

Медициналық жағдайы: болуы мүмкін 7 баллдық жер сілкінісі жағдайында санитарлық шығын болуы мүмкін, жалпы алғанда 4 362 адамды құрайтын санитарлық шығынға, орны толмас 436 адам шығынына әкелуі мүмкін. Зардап шеккендердің ауырлығы бойынша барлығы орташа деңгейде жарақат алады, облыстағы емдеу-профилактикалық мекемелерде жергілікті жерде амбулаториялық негізде медициналық көмек көрсетіледі, сонымен қатар осы аудандардың санитарлық көмек жасағы да тартылады.

Инженерлік жағдай: 7 балл жер сілкінісі орын алған жағдайда әртүрлі дәрежедегі зақымданулар мен бұзылуларға ұшырауы мүмкін 3 529 жеке тұрғын үйлер жатады. Оның ішінде, 164 жеңіл, 3 061 орташа, 304 ауыр дәрежеде зақымданулар алуы мүмкін.

Сонымен қатар, инженерлік және энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері, атап айтқанда, 1 өндіріс орны, 1 сумен жабдықтау және су бұру жүйелерімен қамтамасыз ету объектілері, 1 жылумен жабдықтау объектісі, 84 электрмен жабдықтау объектілері, 1 газбен жабдықтау нысаны, 1 байланыс нысаны әртүрлі дәрежедегі зақымдану мен бұзылуларға ұшырауы мүмкін.

Адамдар ең көп шоғырланған жерлерде қиын жағдай қалыптасады: мектептер, балабақшалар, дүкендер, ауруханалар. Олар: 20 мектеп әртүрлі дәрежеде зардап шегеді, 32 балабақша, 2 медициналық мекемелер, 3 әкімшілік ғимараттар, 4 ерекше маңызды объектілер (әкімдіктер, банктер және т.б.) және 7 жанармай құю станциялары.

8 балл:


Медициналық жағдай: болжамды 8 баллдық жер сілкінісі орын алған жағдайда 22 534 адамды құрайтын санитарлық шығындар, 4 507 адамды құрайтын қайтарымсыз шығындар болуы мүмкін. Ауырлық дәрежесі бойынша барлық зардап шеккендер орташа және қатты деңгейде болады, медициналық көмек жергілікті жерлерде амбулаториялық тәртіппен ауданның емдеу-профилактикалық мекемелерінде көрсетілетін болады, сондай-ақ осы аудандардың алғашқы медициналық көмек жасағы тартылатын болады.

Инженерлік жағдай: болжамды 8 балл жер сілкінісі болған жағдайда әртүрлі дәрежедегі зақымданулар мен бұзылуларға жеңіл (ұсақ жарықтар), орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі) және жеке тұрғын үйлер қатты зақым келуі мүмкін, оның ішінде жеңіл зақымданулар 10 010, әлсіз зақымданулар 2 670, үлкен зақымданулар 668, қатты зақымданулар 2 535 және толық қираулар 634 құрауы мүмкін. Осы аудандардың барлық тұрғын үй қорының 33% құрайды.

Сонымен қатар, өндірістік объектілер, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылып, бүлінуі мүмкін. Нақтырақ айтқанда: 1 өндірістік объектілер, 1 сумен жабдықтау және кәріз

жүйелерін қамтамасыз ету объектілері, 1 жылумен жабдықтау объектілері, 209 электрмен жабдықтау объектілері, 1 газбен жабдықтау объектілері, 1 байланыс объектілері.

Қиын жағдай адамдар көп жиналатын жерлерде: мектептерде, балабақшаларда, дүкендерде, ауруханаларда орын алады. Атап айтқанда, 46 мектеп, 108 балабақша, 5 емдеу-профилактикалық мекеме, 3 әкімшілік ғимарат, 2 аса маңызды объект (әкімдіктер, банктер және т.б.), 20 ЖҚС және АГҚС әртүрлі дәрежеде зақымдалуы мүмкін (Кесте 10).



Сурет 25 – Келес ауданы ықтимал 7, 8 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Кесте 10 – Келес ауданы ықтимал жер сілкінісі кезіндегі шығындар

Келес ауданы	Санитарлық шығындар (жалпы 133 753 адам)	адам шығындары (жалпы 133 753 адам)	ЖТҚ зақымдануы (жалпы 19 769)	әкімшілік нысандар	өндірістік объектілер	коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыс нысандары	байланыс желілері	жолдар мен жол бойындағы инженерлік құрылыстар (жалпы 122 км)	стратегиялық нысандар
7 балл	4362	436	3529	68	1	87	1	122	1
8 балл	22 534	4507	6507	184	1	212	1	122	1

7) Қазығұрт ауданы ықтимал 7, 8 балл жер сілкінісі кезіндегі шығындар 26 суретте көрсетілген.

7 балл:

Медициналық жағдай: 7 балл жер сілкінісі орын алған жайдайда, 372 адамды құрайтын санитарлық шығындар, 37 адамды құрайтын қайтарымыз

шығындар болуы мүмкін. Ауырлық дәрежесі бойынша барлығы орташа зардап шегетін болады, медициналық көмек жергілікті жерлерде амбулаториялық тәртіппен ауданның емдеу-профилактикалық мекемелерінде көрсетілетін болады, сондай-ақ, осы аудандардың алғашқы медициналық көмек жасағы тартылатын болады.

Инженерлік жағдай: болжамды 7 балл жер сілкінісі болған жағдайда әртүрлі дәрежедегі зақымданулар мен қирауларға шамамен 315 жеке тұрғын үй жатады. Бұл ретте жеңіл (ұсақ жарықтар), орташа (үлкен жарықтар, сылақтың түсуі) және жеке тұрғын үйлерге қатты зақым келуі мүмкін, оның ішінде әлсіз зақым 19, үлкен зақым 269, қатты зақым 27.

Сонымен қатар, өндірістік объектілер, коммуналдық-энергетикалық желілер мен құрылыстар, байланыс желілері де бұзылып, бүлінуі мүмкін. Олар: 1 сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін қамтамасыз ету объектілері, 15 электрмен жабдықтау объектілері, 1 газбен жабдықтау объектілері, 2 байланыс объектілері.

Қиын жағдай адамдар көп жиналатын жерлерде: мектептерде, балабақшаларда, дүкендерде, ауруханаларда орын алады. Атап айтқанда, 3 мектептің, 3 балабақшаның, 1 емдеу-профилактикалық мекеменің, 1 әкімшілік ғимараттың, 1 аса маңызды объектілердің (әкімдіктер, банктер және т.б.), 2 ЖҚС және АГҚС әртүрлі дәрежедегі зақымдануларын алады.


8 балл:

Сурет 50 – Кеңсай-Қосқорған-2 су қоймасы жарылу барысында ықтимал су басу қаупі бар тұрғындар саны

3.3 Түркістан облысында болуы мүмкін жер сілкінісі кезінде коммуналдық-энергетикалық желілерде апаттық жағдайлар

Ықтимал болуы мүмкін 6-8 балл жер сілкінісі орын алған жағдайда өмір тіршілігін қамтамасыз ету инженерлік жүйелері әртүрлі дәрежеде зақымдалады. Ал, болжамды 7-8 баллдан астам жер сілкінісі кезінде инженерлік құрылымдық жүйелер ұзақ уақыт бойы істен шығып қалады. Энергияны көп тұтынатын қалалардың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері әсіресе жер сілкіністерінен көп зардап шегеді, өйткені ЖЭО (Жылу электр орталығы), СЭС-тің (Су электр станциясы) бұзылуы салдарынан генераторлар, трансформаторлар істен шығады, изоляторлары мен тоқ тарату құрылғылары және т.б. үзіледі, энергетикалық жабдықтардың қысқа тұйықталуы және істен шығуы орын алады.

Электрмен жабдықтау:

7-8 баллдық аймақтың аумағында энергетика нысандарында авариялар орын алуы мүмкін, бұл электрмен жабдықтауды 2-ден 5 тәулікке дейін жоғалтуға әкеледі.

Болжамды 6 баллдық жер сілкінісі болатын аймақта жекелеген аварияларлық өзгерістер болмайды.

Жер сілкінісі ықтимал 7 балл болатын сейсмикалық белсенділіктің жоғарылау аймағында жекелеген апаттар орын алуы мүмкін.

Түркістан облысында жер сілкінісі болуы мүмкін 8 балл болатын сейсмикалық белсенділіктің жоғарылау аймағында көптеген апаттар болуы мүмкін. Жүргізілген талдаулар бойынша Түркістан облысының инженерлік жүйелерінің көлемдерін төменде қарастырдық.

Газбен жабдықтау:

Ықтимал 6 баллдық жер сілкінісі аумағында жерасты газ құбырлары деформацияланады, бірақ, әдетте, жұмыс күйінде қалады.

Болжамды 7-8 баллдық жер сілкінісі болатын жоғары сейсмикалық белсенділік аймағында буындар бұзылады:

– облыс бойынша 1 089 547,7 км газ тарату құбырларының 544 773,8 км зақым алады. Оның ішінде, жерасты 278 064 км, жер үсті 266 709,9 км.

Жоғары қысымды газ тарату құбырлары 64 672 км құрайды, оның ішінде жерасты болат 8 993 км, полиэтилен 48 382 км, жер үсті 7 297 км.

Орташа қысымды газ құбырлары бар болғаны 301 923,6 км, оның ішінде жерасты болат 10 376,7 км, полиэтилен 190 689,6 км, жер үсті 100 857,3 км.

Небәрі 178 178,1 км төмен қысымды газ құбырлары бар, оның ішінде 3 364,4 км жерасты болат, 16 258,4 км полиэтилен, 158 555,3 км жер үсті.

– Магистральдық газ құбырларында барлығы 0,0123 км құрайды.

– Газ құбырының кірісі 4 934,6 км.

Сумен жабдықтау:

Сонымен қатар, сумен жабдықтау желілері мен құрылыстарының да бұзылуы мен зақымдануы орын алады. Облыс бойынша ауыз су құбырының

жалпы ұзындығы 14 903 км-ден 745,15 км құбыржолдардың түйіскен жерлерінің зақымдануы мен қирауының жекелеген жағдайлары орын алуы мүмкін.

Сондай-ақ, кәріз құбырларының жалпы ұзындығы 419,4 км-ден 20,97 км құбырлардың түйіскен жерлерінің зақымдануы мен үзілуінің жекелеген жағдайлары болуы мүмкін.

Жылумен жабдықтау:

Сонымен қатар, жылумен жабдықтау жүйелерінде жалпы ұзындығы 17 605 км (магистральдық 6 815 км, орамшілік 10 835 км) апаттар болуы мүмкін. Олардың ішінде:

«Кентаусервис» МКК – 8,45км (маг. 1,91 км, орамшілік 6,54 км).

«Түркістан жылу» МКК – 2,25км (маг. 0,73км, орамшілік 1,52 км).

«Арыс-Жылу» МКК – 0,415 км (маг. 0,27км, орамшілік 0,14 км).

«Сарыағаш-Тұрмыс» МКК – 1,8км (маг. 1,45км, орамшілік 0,35 км).

«Ленгер Су» МКК – 2,05км (маг. 1,0 км, орамшілік 1,1 км).

«Отырар жылу» МКК - 0,78км (маг. 0,76 км, орамшілік 0,02 км).

«Шолаққорған Су» МКК – 1,86км (маг. 0,695км, орамшілік 1,165 км).

3.4 Түркістан облысында болуы мүмкін жер сілкінісі кезінде радиациялық-химиялық нысандардағы апаттық жағдайлар

Облыс аумағындағы химиялық қауіпті объектілерде апат болған жағдайда негізгі қауіпті заттар: хлор, аммиак, фтор, тұз және азот қышқылдары болып табылады.

Ең үлкен қауіп – қауіпті химиялық заты бар контейнерлердің толық бұзылуымен байланысты апаттар. Өйткені сұйытылған заттардың едәуір мөлшері атмосфераға және ашық кеңістікке шығарылуы мүмкін.

Болжамды есептеу салдардың ықтимал жағдайы келесі факторларды ескере отырып жүзеге асырылады:

- заттың түрі, қасиеттері және мөлшері;
- жергілікті метеорологиялық жағдайлардың ерекшеліктері, жел бағыты;
- атмосфераның тік тұрақтылығының күйі-инверсия, изотермия, конвекция;
- жер бедері;
- қауіпті химиялық заттың бұлт түрінде таралу траекториясы;
- атмосфераның жер үсті қабатының ластану масштабының, белгілі бір метеорологиялық жағдайларға байланысты қауіпті химиялық заттардың концентрациясының таралуы (жел кезінде/тыныштық жағдайында);
- адамдардың саны мен олардың апат аймағында болу уақыты және басқа да факторлар.

Химиялық зақымдану ошақтарындағы халықтың уыттылыққа жол бермеуі, КӘУЗ концентрациясының мөлшеріне және адамдардың зақымдану

ошағына келу уақытына, олардың қорғалу дәрежесіне және жеке қорғаныс құралдарын (газқағар) уақытылы пайдалануға байланысты. Химиялық қауіпті аймағында орналасқан халықтың зақымдану сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Ол негізінен КӘУЗ және алынған токсодоздың уыттылығымен анықталады.

Қауіпті заттардың шығарылуына байланысты авария туындаған жағдайда ықтимал химиялық залалдану аймағын болжау алаңы кезең кезеңмен жүргізіледі [94]:

- апаттың пайда болу ықтималдығының болжамы;
- қоршаған ортаның ластану деңгейі мен динамикасын анықтау (ең алдымен);
- ықтимал санитарлық шығындарды есептеу.

«Кентау сервис» МКК Кентау қаласында Хантағы ауылында Рысқұлбеков көшесі № 111 мекенжайында орналасқан. Қызметі Кентау қаласындағы елді мекендердің тұрғын үйлерін жылыту. Бұл химиялық қауіпті объект, оның өндірісінде гидразин гидраты – 60 литр, сулы аммиак – 60 литр. Сақтау әдісі мамандандырылған контейнерде. Нысан барлық жағынан тұрғын ауданмен шектеседі. Қауіпті заттардың шығарылуымен байланысты авария туындаған жағдайда, ықтимал химиялық ластану аймағының ауданы шамамен 1,2 км құрайды. Сонымен қатар, жұмысшы 80 адам және халық саны 6 364 адам, оның ішінде қайтарымызсыз шығындар 1 114 адам, санитарлық шығындар 2 068 адам;

«Барсәт» ЖШС Сарыағаш ауданында, Көктерек кентінде, Дүйсебев көшесі №35 ғимарат мекенжайында орналасқан. Бұл химиялық қауіпті объект, оның өндірісінде жалпы 200 кг аммиак қолданады. Аммиакты сақтау әдісі – сұйытылған газ, ресиверлерде. Нысан бір жағынан тұрғын ауданмен шектеседі. Қауіпті заттардың шығарылуымен байланысты авария туындаған жағдайда ықтимал химиялық ластану аймағының ауданы шамамен 0,5 км² құрайды. Жұмысшы 30 адам және халқы 816 адам, оның ішінде қайтымызсыз шығындар 143 адам, санитарлық шығындар 265 адам;

«АЛЕКС» ЖШС Сарыағаш ауданында, Нұрлыжол елді мекені Әкімбеков көшесі №7 мекенжайында орналасқан. Құрамында минералды сусындар шығарады. Өз өндірісінде жалпы саны 2,2 тн аммиак қолданатын химиялық қауіпті объект болып табылады. Аммиакты сақтау әдісі-сұйытылған газ, ресиверлерде. Нысан барлық жағынан тұрғын аймақпен шектеседі. Қауіпті заттардың шығарылуымен байланысты авария туындаған жағдайда ықтимал химиялық ластану аймағының ауданы шамамен 0,5 км құрайды. Жұмысшы 365 адам және халық саны 21 адам, оның ішінде қайтарымызсыз шығындар 67 адам, санитарлық шығындар 126 адам;

Темір жолдарда апаттар пайда болған кезде, сондай-ақ КӘУЗ тасымалдауға арналған ыдыстарда ақаулары болған кезде КӘУЗ инфекциясы аймақтарының пайда болуы мүмкін.

Арыс қаласының ірі темір жол торабында КӘУЗ-дан көлік құралдарының жиналуы мүмкін.

Облыстың екі ауданының аумағында 11 радиациялық қауіпті объект жұмыс істейді, оның ішінде:

– Отырар ауданында 2 нысан бар:

«Заречное» БК АҚ кәсіпорны Түркістан облысы Отырар ауданының батыс бөлігінде, Табақбұлақ кентінің аумағында орналасқан.

Шахтадағы өндіріс ұңғымалық жерасты шаймалау әдісімен құрамында уран бар кендерді өндіруге арналған. Жерасты шаймалаудың алынған өнімді ерітінділерін өңдеу сорбциялық шоғырландыру әдісімен жүргізіледі.

Жер қойнауынан уранды жер асты шаймалау технологиясы, жер бетіндегі өзгерістермен байланысты. Пайдалану блоктарын дайындау кезінде тау-кен массасының ең аз мөлшері іс жүзінде қалдықсыз өндіріс болып табылады.

Өндіру аумағының жалпы ауданы – 3 800 га, өндірістік базаның ауданы - 12,25 га, аумақтың ауданы – 7,74 га, құрылыс салу-3,5 га, көгалдандыру алаңы-1,97 га, кешеннің санитарлық-қорғау аймағының контуры өндіру аумағынан - 250 м қашықтықта орнатылады.

Сырдария өзенінің сол жағалауымен, кен орнынан 50 км қашықтықта асфальтталған тас жол өтеді, одан Божбан құдығы ауданында Табақбұлақ фермасына дейін және кен орнының орталық бөлігіне дейін жақсартылған жабыны бар үйінді жол төселген. Ең жақын «Темір» теміржол станциясы Сырдария өзенінің оң жағалауында, Заречное кен орнынан 105 км қашықтықта орналасқан. Вахталық кент, мыналарды қамтиды: әрқайсысы 10 адамға 22 коттедж; 7 адамға арналған қонақ үй коттеджі; шаруашылық үй - жайлары мен саунасы бар кір жуатын бөлмесі бар шаруашылық блогы; 3 қазанға арналған қазандықтар; ауыз су тарту-суасты сорғылары және резервтегі су мұнарасы бар екі ұңғыма); AKSA APD 200C авариялық дизельді электр станциясы.

«Ақбастау» БК» АҚ, «Құланды» кеніші радиациялық әсері кәсіпорын аумағымен шектелетін объект ретінде ықтимал радиациялық қауіптілігі бойынша III санатқа жатады.

«Ақбастау» БК» АҚ, «Құланды» кеніші Шу-Сарысу ойпатының оңтүстік-батыс бөлігінде, Түркістан облысының Созақ ауданындағы «Буденовское» кен орнының аумағында шөлді, жету қиын, халқы аз жерлерде орналасқан. Ең жақын Бақырлы елді мекені кеніштен 40 шақырым жерде орналасқан. «Буденовское» кен орнын көршілес кәсіпорын – «Қаратау» ЖШС, №2 учаскесінде («Қаратау» кеніші) пысықтайды. «Ақбастау» БК» АҚ № 1, 3, 4 учаскелерінің аумағынан «Қаратау» ЖШС №2 учаскесіне дейінгі қашықтық шамамен 1,4 км құрайды.;

Ақбастау шарты бойынша бірлескен кәсіпорынға «Қаратау» ЖШС қызмет көрсетеді.

Кеніштің аумағына солтүстік-шығыстан басым жел соғады. Осыған байланысты Қаратау ауылының тұрғындарына ықтимал радиациялық апаттардан қауіп төнбейді.

«Буденовское» кен орнына ең жақын елді мекендер Созақ, Қарағұр, Қаратау ауылдары және кен орнынан оңтүстікке қарай 40 км жерде Қаратау жотасының етегінде орналасқан Ақсүмбе бөлімшесі болып табылады.

Жұмыс әдісі – ауысымды (вахталық). Жұмыскерлердің жалпы саны 47 адамды құрайды, оның ішінде: 7 адам инженерлік-техникалық қызметкерлер, 40 адам жұмысшылар.

Созақ ауданында 9 нысан бар – «Аппак» ЖШС («Батыс Мыңқұдық» кеніші), «ОРТАЛЫҚ» өндіруші кәсіпорны» ЖШС («Орталық Мыңқұдық» кеніші), «Инкай» БК ЖШС, «Катко» БК ЖШС, «Қаратау» ЖШС, «Қазатомпром-Сауран» ЖШС филиалы «Таукент» кеніші, «Қазатомпром-Сауран» ЖШС «Степное-РУ», «ОТХК» БК» ЖШС Ақдала кеніші, «ОТХК» БК» ЖШС Оңтүстік Инкай кеніші.

Елді мекендер кен орнынан және радиациялық заттарды өндіруден алыс орналасқан, осыған байланысты осы аудандардың тұрғындарына ықтимал радиациялық авариялардан қауіп төнбейді. Ықтимал жұқтыру аймағында жалпы саны 1 500 астам адам жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін жағдайлар туындауы мүмкін өнеркәсіптік аймақ бар.

Шамамен 1,4 км² құрайды, жұмысшы 236 адам және халқы 7 180 адам, оның ішінде қайтарымсыз шығындар 1 237 адам, санитарлық шығындар 126 адам.

Жоғарыда атап көрсетілген ақпараттар бойынша:

– Адам шығынын (1 363 адам);

– Экономикалық шығынын (материалдық техникалық шығындар) ескере отырып апаттық-құтқару және шұғыл қалпына келтіру жұмыстарының рөлі үлкен екенін түсінеміз.

Сонымен қатар, елді мекен тұрғындары мен жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, апаттар орын алған жағдайда тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде атқарылатын іс-шаралар кешенін әзірлеу өзекті болып табылады.

Келесі қадам – оңтүстік өңірі тұрғындарының табиғи және техногендік сипаттағы апаттарды қабылдау менталитетін ескере отырып, адам шығындарын азайтуда оңтайлы, әмбебап қауіпсіздік іс-шаралар әдістемесін жасау аса маңызды.

3.5 Түркістан облысында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтасыз етудегі атқарылатын іс-шаралар

3.5.1 Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінде ұйымдастыру тәртібі

Жойқын жер сілкінісінің туындау қаупі туралы болжамды деректерді алған кезде, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын

«жоғары дайындық» режиміне ауыстырып және келесідей іс-шаралар кешенін жүргізу қажет [95-105]:

1. Жиналуды жүзеге асыру - төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссиялар құрылады (болжамды деректерге сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктерде);

2. Байланыс және ескерту жүйелерінің дайындығын тексеру;

3. Келесі кезекші ауысымдар үшін басшы құрамның тәулік бойы кезекшілігімен күшейтілген жұмыс режимін енгізу:

кезекші-диспетчерлік қызметтер:

– азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган;

– жергілікті атқарушы органдар;

– ықтимал қауіпті нысандар;

облыста мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар:

– ветеринария, фитосанитария, жануарлар мен өсімдіктер карантині;

– қоршаған ортаны қорғау;

– көліктің қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын органдар;

– сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдар;

– мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының;

– қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды, оның ішінде гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі мониторинг қызметтері;

– сел және көшкін мониторингі қызметтері;

– радиациялық және ядролық қауіпсіздікті мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар.

4. Жойқын жер сілкінісіне жедел ден қою және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларына сәйкес жүргізу;

5. Мемлекеттік органдар мен халықты болжанатын жағдай туралы хабардар ету;

6. Жедел шаралар қабылдау:

– залал мен шығын мөлшерін азайту, сондай-ақ объектілердің орнықтылығы мен жұмыс істеу қауіпсіздігін арттыру бойынша;

– халықты, қоршаған табиғи ортаны қорғау және шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеуін арттыру бойынша;

– эвакуациялық іс-шараларды жүргізу бойынша (қажет болған жағдайда).

7. Дайын болу:

– облыстық азаматтық қорғау жүйесінің құтқару күштері мен құралдары олардың міндеттерін нақтылайды және қажет болған жағдайда апат болуы мүмкін аудандарға жіберіледі;

– төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою үшін құрылған материалдық ресурстардың резервтері;

8. Қоршаған ортаның жай-күйін, ықтимал қауіпті объектілердегі және оларға іргелес аумақтардағы ахуалды бақылауды күшейту;

9. Дайындықты тексеру:

– болжамды төтенше жағдайға сәйкес халықтың өмір тіршілігі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге барлық деңгейдегі басқару органдары;

– зардап шеккен халықты қабылдау үшін қауіпсіз аудандардың (аумақтардың) нысандары мен инфрақұрылымы.

3.5.2 Азаматтық қорғауды басқару органдары мен халықты хабардар ету

Жойқын жер сілкінісі туралы қауіп сигналы келіп түскенде ТО ТЖД ДЖБ схемаға сәйкес ТО ТЖД бастығы мен орынбасарларына, ҚР ТЖМ ДЖБО, Түркістан облысы әкімшілігінің ситуациялық орталығына, Түркістан облысының ҰҚҚД, Түркістан облысының полиция департаментіне, мүдделі мемлекеттік органдарға және ТЖД тиісті құрылымдық бөлімшелеріне ақпарат береді.

Жойқын жер сілкінісінің туындау қауіпі туралы ақпарат Түркістан облысы ТЖД жедел кезекшісіне келесі арна арқылы келіп түседі:

– сейсмикалық бақылау станция: 8(727)297-16-62, 395-70-35, 245-52-24;

– ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ ОАПТБФ диспетчері телефоны: 8-7252-50-52-93, 50-52-94;

– «Қазсушар» РМК кезекшісінің телефоны: 8 (7252)54-83-54, 54-85-75;

– «Қазгидромет» РМК кезекшісі: 8 (7252)53-44-63, 53-41-04;

– «ҚазТрансГазАймақ» АҚ кезекшісі 8 (72533)5-99-95;

– Түркістан Су Арнасы жұм. тел 8 (72533)5-29-00;

– Облыстық жедел-жәрдем орталығы тел: 8(72533)4-35-04;

– ТО ПД ЖК жұмыс тел 8 (72533)5-85-74;

– «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС жұмыс. тел 8 (7252) 50-52-93;

– Мамандандырылған база әкім аппараты жұм. тел 8 (72533)5-96-60, Облыстың ТКШ 5-96-92;

– «Turkistan International Airport» ЖШС жұм. тел 8 (72533)5-29-00;

– «Қазавиаспас» АҚ 8775-599-02-73, 87172-78-82-82, 37-95-27;

– «Қазаэронавигация» РМК жұм. тел 8 (7252) 94-51-53, 61-05-38,

– «Қазақстан Темір жолы» ҰК АҚ жұм. тел. 8 (72533) 5-21-12, 5-28-16;

– облыстық апаттар медицинасы орталығының диспетчерінен, Түркістан облысы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің департаментінен (аса қауіпті жұқпалы аурулар бойынша) 8-72533-4-30-80 телефоны бойынша;

– «Кентау сервис» МКК кезекші диспетчерлерінен (химиялық қауіпті объектілердегі апат кезінде) Жұмыс тел.8(72536)48-242, «Алекс» ЖШС жұмыс телефоны 8(72537)2-1313, «Курорт-Барс 2030» ЖШС жұмыс. тел.

8(72537)22-615 немесе аудандық полиция бөлімінің немесе қалалық полиция басқармасының кезекшісі 102;

Құлақтандыру жүйесін іске қосуға өкім беріледі:

жергілікті деңгейдегі төтенше жағдайлар кезінде тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің халқын хабардар ету үшін облыс әкімі немесе елді мекендер әкімдері болып табылады.

Объектілік деңгейдегі - адамдар жаппай болатын объектіні, қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға.

Халықтың назарын аудару үшін МАРС-Арсенал электр сиреналарын іске қосу арқылы «барлығына назар аударыңыз!» *мәтіні* жіберіледі.

Байланыс және құлақтандыру жүйесі облыстың барлық қалалары мен аудандарында ұйымдастырылған. Облыстың басқару органдарын құлақтандыру телефон байланысы арқылы жүзеге асырылады. Жер сілкінісі қаупі туралы халықты хабардар ету барлық хабарлау құралдарымен ұйымдастырылады, сондай-ақ халыққа көмек көрсету үшін жедел желі қосылатын болады.

Құрама эвакуапункттерде және қону (түсіру) станцияларында эвакуацияланатын халыққа құлақтандыру сигналдарын және басқа да ақпаратты жеткізу қол дауыс зорайтқыштардың (мегафондардың), дыбыс күшейткіш қондырғылардың көмегімен қамтамасыз етіледі.

Төтенше жағдайлар туралы халықты хабардар етудің және хабардар етудің негізгі төтенше жағдайлар аймағында орналасқан желілер тәсілі - электрлі сиреналары мен сирена-сөйлеу қондырғыларының арналары арқылы, ұялы байланыс операторлары арқылы ұялы байланыс абоненттеріне SMS-жолдау және Дармен мобильдік қосымшасы арқылы, Instagram, facebook, whatsapp әлеуметтік желілер арқылы ақпаратын беру болып табылады.

Облыстың құлақтандыру жүйесі 100% - ға дейін қамтамасыз етілмегендіктен (облыс аумағы сирень-сөйлеу құрылғыларымен толық қамтылмаған) облыс тұрғындарын төтенше жағдайлар туралы құлақтандыру автоматтандырылған жүйесін бір мезгілде қолдана отырып, барлық қолжетімді құралдармен жүзеге асырылады.

Автоматтандырылған жүйеге 17 аудан, 379 электросирена, оның ішінде 319 автоматты қосу, ал 52 бірлік С-40, 8 бірлік С-28 енгізілген, бұл елді мекендердің жалпы санының 49% құрайды. Қосалқы бөлшектердің болмауына байланысты қазіргі заманғы жабдықтармен интеграциялауға жатпайды. Бұл қажетті ақпаратты аудандардың, қалалардың басшы құрамына 3-4 минут ішінде, ал халыққа 10 минуттан аспайтын мерзімде жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ облыс аумағында 764 мешіт және дауыс зорайтқыш құрылғылары бар облыс полиция департаментінің 420 арнайы техникасы бар, бұл алдын-ала дайындалған жиынтыққа сәйкес жер – 100 (жер сілкінісі қаупі), жер – 111 (жер сілкінісі болды), жер – 122 (ТЖ жою),

3.5.3 Жер сілкінісі аймағына авариялық-құтқару күштері мен құралдар топтарын дайындау және енгізу

Жер сілкінісі жағдайында азаматтық қорғаудың облыстық аумақтық мемлекеттік жүйесінің басқару органдары өздерінің тұрақты орындарынан жұмысын жүргізеді.

Жер сілкінісінің туындағаны туралы хабарламаны алғаннан кейін басқару органдары, ТЖД тұрақты орналасқан орындарда жер сілкінісі туындаған кезде залалды азайту және жер сілкінісінің салдарын жою жөніндегі жедел іс-шараларды орындауға дайындық жөніндегі жұмыстарды жүргізеді. Бұл ретте:

- “Сағ” + 1.00 – басшы құрамды жинау жүзеге асырылады;
- “Сағ” + 2.00 – тұрақты орналастыру пунктінде басшы құрам тәулік бойы кезекшілігі белгіленеді;
- “Сағ” + 2.00 – жылжымалы басқару пункті дайындыққа келтіріледі;
- “Сағ” + 1.00 – байланыс және хабарлау құралдары күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылады;
- “Сағ” + 3.00 – Облыстық ТЖД жеке құрамының есебі, сондай-ақ жер сілкінісі қаупі мен туындауы кезіндегі басқару органдарының іс-қимыл жоспарлары нақтыланады.

Құтқару күштерді енгізуді жер сілкінісінен кейінгі алғашқы 3 тәулік ішінде 3 эшелонмен ұйымдастыру болжанады.

I эшелон

Бірінші эшелонда авариялық-құтқару жұмыстары сақталған штаттық кәсіби авариялық-құтқару күштерінің, азаматтық қорғаныс құрамаларының күштерімен оларды кейіннен жер сілкінісінен 6-дан 20 сағатқа дейін зардап шекпеген халық есебінен ұлғайта отырып ұйымдастырылады.

Авариялық-құтқару жұмыстары бекітілген учаскелерде тәулік бойы жүргізіледі. Бірінші кезекте адамдар көп шоғырланатын нысандарда: емдеу-профилактикалық мекемелерде, білім беру ұйымдарында, шаруашылық қызмет объектілерінде — жер сілкінісі күндізгі уақытта болған жағдайда; ал медициналық стационарларда және шағын аудандардың тұрғын үйлерінде — жер сілкінісі түнгі уақытта орын алған жағдайда жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, 1-эшелонның құрамына жер сілкінісі орын алған сәттен бастап 1 сағат ішінде жұмылдырылып, осы уақыт аралығында бекітілген жұмыс жүргізу учаскелеріне кезең-кезеңімен келіп жететін көршілес аудандардың күштері мен құралдары енгізіледі.

II эшелон

Екінші эшелонның құрамын қалыптастыру Қызылорда облысының мобильді құтқару күштері және ҚР ТЖМ өкімі бойынша азаматтық қорғаныс әскери күштері мен құралдардан көзделіп отыр.

Көршілес облыстардан келетін құтқару күштері мен құралдар арнайы пункттерінде кездеседі және жұмыс жүргізудің бекітілген учаскелеріне жіберіледі немесе қалыптасқан жағдайға байланысты қайта бөлінеді.

Құрылымдар жұмыс жүргізу орындарына келгеннен кейін оларды өрістетуге жүзеге асырылады. Жұмыстар тәулік бойы ауысымдық режимде жүргізіледі.

III эшелон

III эшелон негізінен қозғалғыштығы төмен (инженерлік) құрылымдардан тұрады. Жер сілкінісінен кейін оны төтенше жағдайлар аймағына 3 тәулік ішінде енгізу жоспарланып отыр. III эшелон құрамына күштер мен құралдарды қосу Қызылорда және Ұлытау облыстарынан көзделген.

Күштер мен құралдарды топтастыру резерві

Күштер мен құралдар топтамасының резервіне Түркістан, Қызылорда және Ұлытау облыстарынан құтқару күштері мен құралдарды қосу жоспарлануда. Резервтің нақты саны зардап шеккен аймақтарды барлау аяқталғаннан кейін және 1-2 эшелонның құтқару күштері мен құралдары орналастырылғаннан кейін, қолда бар құтқару күштерінің жеткіліксіздігі анықталған жағдайда белгіленетін болады.

3.5.4 Эвакуациялық іс-шаралар

Эвакуациялық іс-шараларды жергілікті атқарушы органдардың эвакуациялық органдары ұйымдастырады және жүргізеді.

Жер сілкінісі қаупі төнген кезде басқару органдарының (эвакуациялық органдардың) және азаматтық қорғау күштерінің басшы құрамын жинау жүргізіледі. Сейсмикалық қауіпті аймақтарда апатты жер сілкінісі туындаған жағдайда, жағдайдың ықтимал даму сценарийлері бойынша жалпы және жеке жағдай жеткізіледі.

Жойқын жер сілкінісі қаупі төнген кезде эвакуациялық комиссиялар мынадай іс шараларды жүргізеді:

- жинау, қабылдау эвакуациялық пункттері, зардап шеккен халықты қабылдау пункттері, халықты отырғызу және түсіру пункттері дайындыққа келтіріледі;

- халықты эвакуациялауға жататын халық саны, оны әкетуге арналған көлікті беру тәртібі нақтыланады;

- эвакуацияланатын халықты қабылдау және орналастыру және қажет болған жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі жұмысты жоспарлайды;

- медициналық, азық-түлік және басқа да қамтамасыз ету түрлерінің (сумен, бірінші кезекте қажетті заттармен) мәселелерін нақтылайды;

- жоғары тұрған басқару органдарына эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі туралы ұсыныстар енгізеді;

- өз аумағында эвакуацияланатын халықты орналастыру мәселелері бойынша басқа өңірлермен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

- эвакуациялау бағыттарын (жаяу, автомобиль және теміржол көлігімен) нақтылайды.

Ашық алаңдарда зардап шеккен халықтың жинау пункттерін, жылыту орындарын, тамақтану орындарын және медициналық қамтамасыз ету пункттерін орналастыру үшін аумақты аймақтарға бөлу жүргізіледі.

Төтенше жағдайлар аудандарынан халықты эвакуациялау және жергілікті ауқымдағы материалдық құралдарды қауіпсіз орындарға әкету көлік құралдарының барлық түрлерін (теміржол, автомобиль, авиациялық көлік) тарта отырып, аралас тәсілмен көзделеді.

Эвакуацияны облыстың және қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарының эвакуациялық органдары ұйымдастырып жүргізеді.

Әрбір нақты жағдайда халықты эвакуациялауды жүргізу төтенше жағдайлардың туындау және даму жағдайларымен, төтенше жағдайлар көзіне әсер ететін факторлардың әсер ету сипатымен және кеңістіктік-уақыттық параметрлерімен айқындалады.

Облыста барлығы 2 180 712 адам тұрады, оның ішінде қала халқы – 519 154 адам, ауыл халқы – 1 661 558 адам.

Облыста тіркелген көлік құралдарының саны 401 288 бірлік, оның ішінде мотоциклдер – 1 532 бірлік, жеңіл автомобильдер – 341 108 бірлік, шағын автобустар мен үлкен автобустар – 7 197 бірлік, жүк автомобильдері – 35 608 бірлік, тіркемелер – 15 843 бірлік (Кесте 28).

Кесте 28 – Түркістан облысында тіркелген көлік құралдары туралы ақпарат (31.03.2025 ж жағдай бойынша)

р/с №	Қалалар мен аудандардың атауы	Барлық тіркелген көлік құралдары	Олардың ішінде				
			Мото-цикл	Жеңіл авто-көліктер	Шағын автобустар мен үлкен автобустар	Жүк көліктері	Тірке-мелер
1.	Түркістан қаласы	46 382	206	40 709	1 395	3 705	367
2.	Арыс қаласы	14 053	167	10 822	203	1 064	1 797
3.	Бәйдібек ауданы	8 518	13	7 305	97	930	173
4.	Жетісай ауданы	20 991	16	18 952	296	1 103	624
5.	Қазығұрт ауданы	22 393	16	19 366	330	2 259	422
6.	Келес ауданы	13 120	4	12 041	218	601	256
7.	Кентау қаласы	20 166	305	17 191	513	1 539	618
8.	Мақтаарал ауданы	29 932	102	25 554	431	2 087	1 758
9.	Ордабасы ауданы	21 924	55	18 725	377	1 935	832
10.	Отырар ауданы	9 546	50	8 134	147	912	303
11.	Сайрам ауданы	66 577	173	53 650	984	7 561	4 209
12.	Сарыағаш ауданы	49 094	100	42 110	967	4 168	1 749
13.	Сауран ауданы	5 461	1	4 981	118	289	72
14.	Созақ ауданы	12 878	40	10 363	326	1 692	457
15.	Төлеби ауданы	26 665	108	22 848	316	2 666	727
16.	Түлкібас ауданы	19 551	119	16 765	207	1 748	712
17.	Шардара ауданы	14 037	57	11 592	272	1 349	767
18.	Барлығы:	401 288	1 532	341 108	7 197	35 608	15 843

Эвакуациялық іс-шаралар жер сілкінісі нәтижесінде келтірілген шығынға, қанша адам баспансыз қалатынына және жер сілкінісінің қайталама факторларының қауіптілігіне тікелей байланысты.

Жұмыстың 3.1 бөліміндегі есептеулер бойынша Келес, Қазығұрт, Сайрам, Сарыағаш, Төлеби және Түлкібас аудандарында жер сілкінісі ықтималдығы 8 балл, ғимараттар мен құрылыстардың қирау пайызы шамамен 75% құрайды.

Бәйдібек, Жетісай, Мақтарал, Сауран, Созақ, Шардара аудандарында және Арыс қаласында жер сілкінісі ықтималдығы 7 балл болатын ғимараттар мен құрылыстардың қирау пайызы шамамен 55% құрайды.

Қызылорда облысына ықтимал 8 балл жер сілкінісі туындаған жағдайда Түркістан облысының қалалар мен аудандардың тұрғындарын саны 69 617 адам эвакуациялау қажет.

Жер сілкінісі ықтималдығы 7 балл және 8 баллдың бір бөлігі саны 1 007 137 адам қалалар мен аудандардың тұрғындарын облыс аумағындағы қауіпсіз аймақта орналастырылуға тиіс (Кесте 29).

Кесте 29 – халықты сейсмикалық қауіпсіз аймаққа эвакуациялау

№ р/ с	Қалалар мен аудандардың атауы	Барлық халық	Қала халқы	Ауыл халқы	Облыс аумағында қауіпсіз аймақта орналасқан халық	Қызылорда облысына эвакуациялауға жатады
1.	Түркістан қаласы	220 113	220 113			
2.	Арыс қаласы	78 997	51 997	27 000	43 448	
3.	Кентау қаласы	99 400	74 464	24 936		
4.	Бәйдібек ауданы	48 893		48 893	26 891	
5.	Жетісай ауданы	187 384	45 130	142 254	103 061	
6.	Келес ауданы	133 753		133 753	90 283	10 031
7.	Қазығұрт ауданы	116 335		116 335	78 540	8 726
8.	Мақтарал ауданы	129 113		129 113	71 012	
9.	Ордабасы ауданы	127 719		127 719		
10.	Отрарский район	51 640		51 640		
11.	Сайрам ауданы	231 914		231 914	156 542	17 393
12.	Сарыағаш ауданы	218 998	61 482	157 516	147 824	16 424
13.	Сауран ауданы	100 163		100 163	55 089	
14.	Созақ ауданы	63 055		63 055	34 680	
15.	Төлеби ауданы	120 909	33 841	87 068	81 613	9 068
16.	Түлкібас ауданы	106 342		106 342	71 781	7 975
17.	Шардара ауданы	84 315	32 107	52 208	46 373	
	Барлығы:	2 119 063	519 154	1 599 909	1 007 137	69 617

Зардап шеккен аудандардан оларды одан әрі эвакуациялау үшін зардап шеккен халықты жинау пункттерін көрсетілген 30 кестеге сәйкес ұйымдастыру қажет.

Кесте 30 – Облыстың қалалары мен аудандарында да зардап шеккен халықты жинау пункттері саны

Түркістан қаласында – 6	Шардара ауданында – 6
Кентау қаласында – 15	Мақтаарал ауданында – 11
Арыс қаласында – 8	Жетісай ауданында – 14
Төлеби ауданында – 14	Сарыағаш ауданында – 18
Түлкібас ауданында – 29	Келес ауданында – 13
Сайрам ауданында – 17	Отырар ауданында – 15
Созақ ауданында – 10	Ордабасы ауданында – 13
Бәйдібек ауданында – 13	Қазығұрт ауданында – 14

Әрбір жинау пунктінде зардап шеккендерді жинақтап, халыққа медициналық пункттер мен санитариялық шығындар орындарын ұйымдастырып, олар одан әрі емдеу мекемелеріне жіберіледі (Кесте 31).

Кесте 31 – Облыстың қалалары мен аудандарында қайтарымсыз шығындар жиналатын орындар АҚЖШЖ өткізу учаскелерінде келесідей мөлшерде ұйымдастырылады:

Түркістан қаласында – 5	Шардара ауданында – 21
Кентау қаласында – 12	Мақтарал ауданында – 6
Арыс қаласында – 8	Жетісай ауданында – 7
Төлеби ауданында – 20	Сарыағаш ауданында – 17
Түлкібас ауданында – 13	Келес ауданында – 14
Сайрам ауданында – 15	Отырар ауданында – 14
Созақ ауданында – 10	Ордабасы ауданында – 18
Бәйдібек ауданында – 12	Қазығұрт ауданында – 13


Ауылдық аудандардағы қайтарымсыз шығындар жиналатын орындар 32-кестеде көрсетілгендей, қолданыстағы зираттарға жақын жердің жекелеген ашық учаскелерінде ұйымдастырылады.

Кесте 32 – Облыс бойынша қаза тапқандарды жерлеу үшін:

Түркістан қаласында: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 4	Шардара ауданы: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 14
Кентау қаласында: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 21	Мақтарал ауданы: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 10
Арыс қаласында: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 7	Жетісай ауданы: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 27
Төлеби ауданы: христиан зираты – 4 мұсылман зираты – 48	Сарыағаш ауданы: христиан зираты – 2 мұсылман зираты – 84
Түлкібас ауданы: христиан зираты – 7 мұсылман зираты – 16	Келес ауданы: христиан зираты – 2 мұсылман зираты – 68
Сайрам ауданы: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 18	Отырар ауданы: христиан зираты – 0 мұсылман зираты – 20
Созақ ауданы: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 13	Ордабасы ауданы: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 15
Бәйдібек ауданы: христиан зираты – 1 мұсылман зираты – 13	Қазығұрт ауданы: христиан зираты – 5 мұсылман зираты – 61

Облыстың ауылдық аудандарында қаза тапқандарды жерлеу облыстың қалалары мен аудандарының қолданыстағы зираттарында жүзеге асырылатын болады. Баспанасыз қалған облыс тұрғындарын уақытша орналастыру елді мекендердің стадиондары мен ашық алаңдарында жүргізілетін болады.

Жойқын жер сілкінісінен кейін халықты эвакуациялау және жер сілкінісі кезінде су қоймалары бұзылған кезде аумақты су басу бойынша төтенше жағдай аймағына кірме жолдардың болуын ұйымдастыру қажет (Сурет 52).



Сурет 52 – Сейсмикалық қарқындылығы 8 баллдан жоғары аймақтарды эвакуациялау жолдары

4 ТАРАУ. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕГІ ШЫҒЫНДАРЫН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ЕСЕПТЕУ


4.1 Жер сілкінісі кезіндегі шығындарды модельдеу ұғымдары

Сейсмикалық белсенділікті және оның салдарын модельдеу жер сілкінісі мен сейсмикалық белсенділікке ұшыраған нысандардың техникалық сипаттамаларын мұқият зерттеуді, сейсмикалық белсенділіктің кезеңдері мен дүмпулерін анықтауды және жеке оқиғаның немесе оқиғалар тобының әлеуметтік-экономикалық салдарына бағынатын заңдылықтарды анықтауды талап етеді. Канамори шкаласы бойынша 4+ баллдық адам сезінуі мүмкін, сондай – ақ келесі критерийлердің кем дегенде біреуін қанағаттандыратын жер сілкіністеріне ерекше назар аударылады:

- * 1 млн. асқан шығын ;
- * қаза тапқандар саны – 10+;
- * Мерқали шкаласы бойынша қарқындылық – X және одан жоғары;
- * жер сілкінісі цунами нәтижесінде пайда болды.

Табиғи немесе техногендік сипаттағы апаттардың туындау қаупі, ең алдымен, жағымсыз салдардың пайда болуы мүмкін. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және экологиялық дамуының орнықтылығын жоғалту мүмкіндігі болып табылады. Табиғи немесе техногендік төтенше жағдайлардың (мысалы, жер сілкінісі) болжамды фактісін ғана емес, сонымен қатар оның алдындағы және кейінгі тіркелген төтенше жағдайлардың бүкіл тізбегін білдіреді. Осылайша, тәуекел 3 компоненттің жиынтығы ретінде анықталуы 53-суретте көрсетілген:

- тәуекелге ұшырау (exposure);
- ықтимал әсер (hazard);
- осалдық (сынғыштық) (vulnerability / fragility).



Сурет 53 – Тәуекел тұжырымдамалары

Тәуекелге ұшырау – бұл белгілі бір аумақтағы қауіпті оқиғалардың туындауы мүмкін халық пен материалдық объектілердің жиынтығы. Сейсмикалық тәуекелге қатысты осы компонентті талдау сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді:

Қандай объектілер сейсмикалық қауіпке ұшырайды?

Сейсмикалық қауіпті объектілердің ерекшеліктері қандай?

Берілген аумақтағы жер сілкіністерінің тікелей және жанама әсерлері қандай формада көрінеді?

Экологиялық апаттардың, атап айтқанда жер сілкіністерінің салдары тікелей және жанама сипатта болуы мүмкін. Сондықтан, тәуекелге ұшыраған объектілерді тікелей салдарларды қабылдайтын объектілерге және жанама салдарларды қабылдайтын объектілерге бөлген жөн. Бірінші топқа зерттелетін аумақтағы халық пен материалдық объектілердің зақымдалуы, сондай-ақ, жер сілкінісіне тікелей байланысты залалдандыру, зардап шеккен халыққа біржолғы ақшалай жәрдемақылар, халықты эвакуациялау және қоныстандыру шығындары және т. б. кіреді:

халықтың зардап шегуі (адам);

қираған ғимараттар мен құрылыстар (бірлік);

экономикалық залал (млн. млрд).

Халықтың зардап шегуінің және ғимараттар мен құрылыстардың зақымдануының бірнеше дәрежесін бөлген жөн. Сәйкесінше халықтың санитарлық шығындары – жеңіл, орташа және ауыр дәрежеде, сондай-ақ халықтың қайтымсыз шығындары ерекшеленеді.

Санитарлық шығындарға – кем дегенде бір тәулікке еңбекке қабілеттілігінен айырылған және медициналық пункттерге немесе емдеу мекемелеріне түскен адамдар жатады. Халықтың қайтарымсыз шығыны – төтенше жағдайлардың салдарынан қаза тапқан, медициналық мекемеге түскенге дейін немесе медициналық эвакуация кезеңдерінде қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен адамдар жатады.

Ғимараттардың зақымдануының 5 дәрежесін бөлеміз.

– d = 1-әлсіз зақым;

– d = 2-орташа зақым;

– d = 3-ауыр зақым;

– d = 4-тірек құрылымдарының ішінара бұзылуы;

– d = 5-қирау.

Ұсынылған жіктемелердің негізгі кемшілігі – статистикалық мәліметтерді осындай егжей-тегжейлі жинауды ұйымдастыру өте қиын, ал халықаралық салыстыру мақсатында іс жүзінде мүмкін емес. Жер сілкіністерінің жанама әсерлері экономикалық ағындар мен байланыстардың тұрақсыздануы және бұзылуы арқылы көрінеді. Яғни, өндірістің, қаржылық операциялар мен мәмілелердің қысқаруы, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының өзгеруі және т. б. жанама әсерлер әрдайым теріс бола бермейді. Мысалы, бір аймақтың өнеркәсіптік инфрақұрылымы бүлінген кезде,

тапсырыстардың басым бөлігі көрші аймақтардың кәсіпорындарына ауысуы мүмкін, нәтижесінде осы өңірлердің жалпы өңірлік өнімінің өсуі орын алады.

Әлеуеттік әсер – бұл белгілі бір аумақта белгілі бір салдармен сипатталатын бір немесе бірнеше қауіпті оқиғалардың пайда болу ықтималдығы. Әлеуеттік әсерді қауіпті оқиғаның сипаттамалары (жер сілкінісі жағдайында – күш, қарқындылық, топырақтың спектрлік үдеуі және т.б.) мен берілген сипаттамалары бар оқиғаны жүзеге асыру ықтималдығы арасындағы байланыс ретінде қарастыруға болады. Ықтимал сейсмикалық әсер туралы негізгі ақпарат көзі – бұл жалпы сейсмикалық аудандастыру, егжей-тегжейлі сейсмикалық аудандастыру болып табылады. Жалпы сейсмикалық аудандастыру бастапқы өңірлік сейсмикалық және геологиялық - геофизикалық деректер (тектоникалық және геодинамикалық аудандастыру, геофизикалық ауытқулар, ғарыштық суреттер) туралы мәліметтер негізінде сейсмикалық карталарды және жер сілкінісі ошақтарының пайда болу аймақтарын құруды көздейді. Сейсмикалық аудандастыру топырақтың қарқындылығы мен спектрлік үдеуінің көрсеткіштері үшін жүргізіледі. Бұл жұмыста модельдерді құру үшін жер сілкінісінің шамасы мен қарқындылығының көрсеткіштері қолданылды [106].

Жер сілкінісінің магнитудасы – сейсмикалық станциялардың аспаптық бақылауларымен анықталатын және жер сілкінісі немесе жарылыс нәтижесінде пайда болатын серпімді дүмпулердің жалпы энергиясын сипаттайтын шартты логарифмдік шама.

Сейсмикалық шамасы бойынша магнитуда шкаласы (MW) – жер сілкінісінің ең заманауи энергетикалық бағасы болып саналатын Канамори шкаласы қолданылды.

Тіркелген жер сілкіністерінің ең мықтысы Канамори шкаласы бойынша 9 баллды құрайды. Жер сілкінісінің қарқындылығы – адамдардың, құрылыс нысандарының реакциясы мен табиғи нысандардың өзгеруіне негізделген сипаттамалық шкала бойынша баллмен бағаланатын сейсмикалық әсер. Көптеген шкалалар бойынша қарқындылықтың максималды мәні-12 балл. Белгілі бір аймақтағы ықтимал сейсмикалық әсерді анықтау үшін егжей-тегжейлі сейсмикалық аудандастыру қажет.

Жер сілкінісінен кейінгі шығындарды математикалық модельдеу шығындарын есептеу, жер сілкінісі әсерін болжаудың және тәуекелді азайту стратегияларын әзірлеудің маңызды құралы болып табылады [107]. Ол бірнеше негізгі аспектілерді қамтиды:

1. Модельге арналған кіріс мәліметтері:

– сейсмикалық параметрлер (магнитуда, тереңдік, эпицентр, үзілу механизмі);

– геологиялық және геотехникалық деректер (топырақ түрі, көшкін ықтималдығы, сейсмикалық дүмпулердің күшеюі);

– құрылыс және инфрақұрылым (ғимараттардың, көпірлердің, жолдардың, тіршілікті қамтамасыз ету инженерлік желілерінің сипаттамалары);

– демографиялық ақпарат (халықтың тығыздығы, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер).

2. Сейсмикалық толқындардың таралу моделі.

Келесі түрдегі модельдер қолданылады:

– Аттенуация заңдары - қашықтықтағы сейсмикалық толқындардың ыдырауын сипаттайды;

– Шекті айырымдар немесе элементтер әдістері - топырақ қозғалысын сандық модельдеу;

– Эмпирикалық және стохастикалық модельдер - сейсмикалық әсерді шамамен бағалау;

3. Залал мен шығынды бағалау:

– физикалық зақым: осалдыққа негізделген ғимараттардың бұзылу ықтималдығын есептеу (мысалы, HAZUS техникасы);

– экономикалық шығындар: қалпына келтіру шығындары, бизнеске келген зиян, жұмыс орындарының жойылуы;

– әлеуметтік шығындар: зардап шеккендердің, жараланғандардың және қаза тапқандардың саны, өмір сапасына әсері.

4. Математикалық модельдеу әдістері [108]:

– статистикалық модельдер: регрессиялық талдау, Байес әдістері;

– стохастикалық модельдер: белгісіздіктерді бағалау үшін Монте-Карло әдісі;

– машиналық оқыту: нейрондық желілер, шығындарды болжау үшін уақыт қатарын талдау;

– географиялық ақпараттық жүйені модельдеу: тәуекел аймақтарын кеңістіктік талдау.

5. Тәуекелдерді болжау және басқару:

– эвакуацияны оңтайландыру;

– құтқару стратегияларын әзірлеу;

4.2 Жер сілкінісі шығындарын математикалық модельдеу параметрлері

Аттенуация (әлсіреу) заңдары [109].

Аттенуация эпицентрден қашықтықпен топырақтың ең жоғары үдеуінің (PGA, Peak Ground Acceleration) қалай өзгертетіні келесі өрнекпен сипатталады:

$$PGA = C_1 \cdot M + C_2 \cdot \log(R + C_3) + C_4 \quad (9)$$

мұндағы: M – жер сілкінісінің магнитудасы,

R – эпицентрден бағалау нүктесіне дейінгі қашықтық (км),

C_1, C_2, C_3, C_4 – эмпирикалық коэффициенттер (әр түрлі аймақтар үшін статистикалық түрде анықталады).

Ғимараттардың физикалық зақымдануын бағалау ғимараттардың осалдық функцияларын айқындауға негізделеді, яғни ғимараттардың қирау ықтималдығы жер сілкінісінің қарқындылығына тәуелді болады.

$$P(D \geq d \setminus IM) = \frac{1}{1+e^{-(\alpha+\beta IM)}} \quad (10)$$

мұндағы: D – зақымдану деңгейі (мысалы, ішінара жойылу, толық жойылу),

IM – қарқындылық көрсеткіші (мысалы, PGA, спектрлік үдеуі $Sa(t)$ б $Sa(T)$, $Sa(T)$),

α, β – құрылыс түріне байланысты коэффициенттер.

Экономикалық шығындарды есептеу параметрлерін келесі өрнекте қарастырамыз. Қатты зақымданудан болатын экономикалық залалдар есептеледі. Қаржылық шығындарды осалдық коэффициенті V арқылы бағалауға болады [109, 121 бет].

$$L = V \cdot C5 \quad (11)$$

мұндағы: L – шығындар (теңге),

C – ғимараттың құны (теңге),

V – осалдық коэффициенті (статистикалық түрде анықталады).

V осалдық функциясы келесі өрнек түрінде ұсынылады:

$$V = a \cdot IM^b \quad (12)$$

мұндағы: a және b – эмпирикалық коэффициенттер.

Адам шығынын бағалау.

Қаза тапқандар мен жараланғандар санын бағалау арнайы өрнекпен есептеледі. Зардап шеккендердің санын бір күйден екінші күйге өту ықтималдығы матрицасы арқылы көрсетуге болады:

$$P_{fatal} = P(D \setminus IM) \cdot P(fatal \setminus D) \quad (13)$$

мұндағы: P_{fatal} – өлім ықтималдығы,

$P(D \setminus IM)$ – ғимараттың бұзылу ықтималдығы,

$P(fatal \setminus D)$ – белгілі бір жойылу деңгейінде өлу ықтималдығы.

Стохастикалық әдістер (Монте-Карло әдісі) белгісіздіктерді бағалау үшін қолданылады [110]. Мысалы, PGA үлестірімі логикалық үлестіру арқылы модельденеді:

$$PGA \sim \ln \mathcal{N}(\mu, \sigma^2) \quad (14)$$

мұндағы: μ және σ – қалыпты үлестіру параметрлері.

Шығындардың ықтималдық таралуын бағалау үшін мындаған кездейсоқ сценарийлер жасалады.

GIS модельдеу;

Тәуекел аймақтарын кеңістіктік бағалау ГАЖ аналитикасы арқылы жүзеге асырылады:

$$Risk(x, y) = Hazard(x, y) \times Vulnerability(x, y) \times Exposure(x, y) \quad (15)$$

мұндағы: $Hazard(x, y)$ - (x, y) нүктесіндегі жер сілкінісінің қарқындылығы,

$Vulnerability(x, y)$ – ғимараттардың осалдығы,

$Exposure(x, y)$ – халықтың тығыздығы немесе ғимараттардың құны.

4.3 Түркістан облысы бойынша жер сілкінісі шығындарын компьютерлік есептеу

Диссертациялық жұмыс аясында жер сілкінісінің ықтимал салдарын модельдеу және визуализациялау үшін web-қосымша жасалды. Қосымша пайдаланушыға жер сілкінісінің магнитудасын интерактивті түрде орнатуға және дерекқорда берілген әртүрлі аймақтар үшін ықтимал шығындарды бағалауға мүмкіндік береді. Нәтижелерді визуализациялау салдардың ауқымы туралы көрнекі түсінік беретін 3D графиктері арқылы жүзеге асырылады. Аймақтар туралы деректерді өңдеу және жер сілкінісі туралы тарихи деректермен картаны көрсету функциялары қосымша іске асырылды.

Жер сілкінісі – жер қыртысының кенеттен ауытқуы болып табылатын табиғи құбылыстар, олар жер қойнауындағы тау жыныстарының жарылуы мен жер асты тектоникалық қабаттарының соқтығысуынан туындайды. Жер сілкінісінің негізгі себебі – литосфералық плиталардың қозғалысы, жанартаулық белсенділік, жарылыстар немесе ресурстарды өндіру сияқты жасанды әсерлер сияқты тектоникалық процестер нәтижесінде жинақталған энергияның бөлінуі. Жер сілкінісі бірнеше маңызды параметрлермен сипатталады, мысалы:

Эпицентр – гипоцентрдің (жер сілкінісінің ошағы) дәл үстінде орналасқан жер бетіндегі нүкте.

Гипоцентр – жер қойнауындағы үзіліс басталып, энергия бөлінетін нүкте.

Магнит – босатылған энергияның жалпы көлемін көрсететін сандық шама. Ол Рихтердің логарифмдік шкаласы немесе басқа шкалалар арқылы өлшенеді.

Қарқындылық – ғимараттарға, инфрақұрылымға және адамдарға әсер етуді ескере отырып, жер бетінде бағаланатын жер сілкінісінің жойқын әсерінің өлшемі.

Жер сілкінісі магнитудасы мен қарқындылығымен ерекшеленеді. Шағын жер сілкіністері (4 баллға дейін) сирек зақым келтіреді, ал 7 және

одан жоғары баллдық жер сілкіністері айтарлықтай масштабтағы бұзылуларды тудыруы мүмкін. Жер сілкінісінің салдары тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей салдарға ғимараттардың қирауы, жолдардың қирауы, адамдар мен жануарлардың өлімі жатады. Жанама әсерлер өрт, су тасқыны, эпидемия және экономикалық шығындар түрінде көрінуі мүмкін.

